

Бала құқығын қорғау – бәрінен маңызды  
2-бет



Қыста қалтырамас үшін  
3-бет



Ата Заң – айбыным  
4-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

# ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 29 ТАМЫЗ, 2023 ЖЫЛ №96 (23 272)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

## Қадірлі жерлестер!

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Конституция – ел Тәуелсіздігінің, оның өркендеуі мен бірлігінің кепілі. Бұл тарихи күн әрқайсымыз үшін аса маңызды. Өйткені, Ата Заң біздің тұтастығымыздың белгісі. Конституция өркениетті мемлекеттің дамуы үшін қажетті демократия мен теңдік қағидаттарының негізге ала отырып, еліміздің дамуын қамтамасыз етеді.

Еліміздің Конституциясы – ата-бабаларымыз аңсап кеткен Тәуелсіздік туралы асыл арманының орындалуының бірден-бір белгісі, әрі Қасым хан, Есім хан және Тәуке хандардың осындай тарихи құжаттарының заңды жалғасы болып табылады. Ол біздің қоғамымыз бен тұтастай мемлекет дамуының негізгі қағидаттарын айқындайды. Конституцияның арқасында біз еліміздің тұрақты әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени дамуын қамтамасыз еттік.

Құрметті қарағандылықтар, сіздерді Конституция күнімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, жақындарыңызға денсаулық және бақыт тілейміз. Елімізде тек бейбітшілік пен келісім болсын.

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,  
Қарағанды облысының әкімі  
Нұркен ҚОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• ЕРТЕҢ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

## Конституция – тасқа басылған таңба



Конституция – мемлекеттің төлқұжаты іспетті. Тіліміз бен ділімізді қалай қастерлесек, Ата Заңымызды да сол биіктен түсірейміз. Себебі, заң жоқ ел егемен ел болмайды. Төл Конституциямыздың жазылуы үшін құбылған талай заманның талкегін көрдік. Осы жолда атылдық, айдалдық, құдаландық. Өткенге мойын бұрсаңыз болғаны, кәрі тарих сайрап тұр. Ата Заңның дүниенің ешқандай байлығымен өлшенбейтін қадір-қасиетін содан асып ешкім айтпас. «Біз XV ғасырда «казак» деген ел болып біріккенімізді Ұлытаудың көк тасына қашап басқан ру таңбаларымен куәландырған ел едік. Бірігіміз, бір ел боламыз деп анттасқанымыз да сол, Конституциямыз да сол – тасқа басылған таңба» (Ғабит Мүсірепов).

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ата Заң уақыттың сұранысына сай жаңғырып отыруы тиіс. Бұл – заңдылық. Мемлекетіміздің қолданыстағы Консти-

туциясы 1995 жылдың 30 тамызында республикалық референдумда қабылданған еді. 9 тараудан, 98 баптан тұрды. 1995 жылғы Ата Заңның 1993 жылғысынан айырмашылығы – алғаш рет азаматтың

құқығына ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енгізілген. Бұл Конституция қабылданбастан бұрын 33 мыңға жуық ұжымдық талқылаудан өткен.

► 4-бет

• БІЛІМ

## Тағылымдама – таптырмас мүмкіндік

Шетелде тағылымдамалардан өткізілетіндер үшін мүмкіндік. Өтінімдерді қабылдау басталды. Енді 13 қазанға дейін жалғасады. Ал, жеңімпаздардың есімі осы жылдың желтоқсанында белгілі болады.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы жолы 500 қазақстандық шетелде тағылымдамаға бара алады. Бағдарлама операторының апаратына сүйенсек, ғылыми тағылымдамаға ұсынылатын мекемелердің тізбесіне әлемнің 34 елінен 400-ден астам жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу орталықтары, ұйымдар кірген. Зерттеудің басым бағыттары – «Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар», «Білім беру», «Медицина», «Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс» және тағы да басқа салалар.

Үміткерлердің шетелдік ұйымнан шақыруы, сондай-ақ ғылыми еңбектері болуы шарт. Таңдалған мамандық бойынша жұмыс өтілі – кемінде бір жылға толуы тиіс. Мемлекеттік тілді білу бойынша емтихан нәтижесі В1 деңгейінен кем емес, ал шет тілі бойынша IELTS ұпайы 9.0-ден кемінде 5.0 болғанын дәлелдейтін сертификаттар талап етіледі.

Тағылымдамаға барған азаматтың жол шығынын мемлекет өз мойнына алады. Сонымен қатар, медициналық сақтандыру жасап, ай сайын стипендия төлейді. Стипендия мөлшері барған еліңдегі өмір сүру деңгейіне қарай белгіленеді.

• МӘСЕЛЕ

## Алпауыт қарызын қашан өтейді?

Жақында ғана шахтадан өрт шығып, бес кенші қаза тауып, үлкен сынға ұшыраған «АрселорМиттал Теміртау» АҚ алпауыт компаниясы әлі де алаңсыз. Күні кеше Саран шахтасынан тағы да өрт шықты. Абырой болғанда жер астындағы кеншілер аман. Өртті апатты жағдай десек, ал компанияның отандық кәсіпорындарға қарыз боп, жалтарғаны және бар.

«Арселор» отандық, оның үстіне қарағандылық кәсіпорынға қарыз. Қарыз сомасы – 2 млрд. 610 млн. теңге. Мұның нәтижесі 500 жұмыскердің үш айдан бері жалақы алмағанына әкеп соққан. Зауыт жұмысы тоқтап, 200-ге жуық адам жұмыссыз қалды. Бұған басы ауырған алпауыт емес.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

2022 жылғы 17 тамызда «Майкұдық ҚК «СҮ» ЖШС мен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ арасында №4600025567 келісімшарт жасалған. Сол уақыттан бері «KAZ Феррит» ЖШС өндірілген көмір концентратын «Арселорға» осы келісімшарт шеңберінде жөнелтіп отырды. Бірақ, «Арселор» тарапынан концентраттың сапасы, жеткізу мерзімі немесе шарттың басқа талаптары бойынша бірде-бір ескерту болмаған. Келісімшарттың мерзімі – биылғы жылдың 31 желтоқсанына дейін. Бұған қарамастан алпауыт компания концентрант алуды маусым айынан бастап еш себепсіз, түсіндірісіз тоқтатқан.

– Биыл шілде айынан бастап, кәсіпорын өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Барлық ұжым ақысыз еңбек демалысына жіберілді. Зауыттың жабылуы екі жүзден астам жұмыскер мен олардың отбасыларының материалдық әлауқатына кері әсерін тигізді, көптеген жұмысшылардың несиелері бар. Бұл жағдай фабрика жұмысын тоқтатуға, салық аударымдарын кешіктіруге, жұмыссыздыққа алып келді, – дейді «Kaz Феррит» ЖШС директоры Бекжан Өмірбекұлы.

Ал, «Ақтас Көмір» ЖШС директоры Нұрым Болатұлы «Алпауыт компанияға қылар қайранымыз жоқ» дейді. Үкімет басындағылар үн қатса деген үміті бар.

– 2021 жылы қыркүйек айында лицензия алғанбыз. Содан бері аталған компаниялармен жұмыс істеп келдік. Биыл маусымда «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ынан шотымызға ақша түсу тоқтады.

Содан біз де шілде айынан бастап жұмысты тоқтатуға мәжбүр болдық. Жұмыскерлерге 10 млн. теңгеге жуық жалақы қарызбыз. 800 млн. теңге мердігерлерге берешекпіз. Тасымалдаушы компанияларға 60-70 млн. қарызбыз. Жұмыскерлеріміз 10 маусымнан бастап еңбекақы алған жоқ. Кәсіпорын болған соң, жұмысты тағы кідіруге болмайды. Жұмыскер-



лерді жұмысқа шақырып аламыз. Төлеуге уәде беріп, алайда, ақша жоқ. Біз көмір шығарамыз. Ал «KAZ Феррит» көкс өндіреді. Біздің өзімізге қазір 1 млрд. теңге қарыз, – дейді «Ақтас Көмір» ЖШС директоры Нұрым Бабаев.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ қазір шетелден көмір концентратын сатып алып отыр. Ал, сапасы жоғары, қажетті көлемде өнім шығаратын отандық зауытты елеп те отырған жоқ. Онымен қоса, 33 мың тонна концентратты сатып алғаны үшін 2 млрд. 610 млн. теңгенің өзін өтемеген.

– «АМТ» АҚ тауар жеткізілген күннен бастап, 25 күнтізбелік күн ішінде төлем жүргізуге міндетті. Алайда, жөнелткен өнімнің ақшасын ала алмай отырмыз. Ессенің, мердігерлерге, жұмыскерлерге, мемлекетке қарызбыз. Көбі уақытша ақысыз демалысқа кетсе, енді біреулері жұмыстан шығып жатыр. Біз өз тарапымыздан «Арселорға» жұма сайын хат жазамыз. Алайда, әлі күнге дейін мардымды жауап келмеді. Себебі де түсініксіз. Жұмыссымызда кідіріс болған емес. 60 мың тоннаға жуық көмір жеткізілді. Қалған 33 мың тонна көмірдің қаражаты алашақ күйінде тұр, – дейді «Майкұдық ҚК «СҮ» ЖШС бұрынғы директоры Светлана Божиева.

Айта кетейік, «Майкұдық ҚК «СҮ» – былтыр өңір бойынша «Сенімді салық төлеуші» және «Сенімді өндіруші» номинациялары бойынша үздік деп танылған компания.

Қысқасы, кәсіпорын ұжымы мемлекеттің бұл жағдайға шұғыл араласқанын өтінеді. Үкімет отандық өндіріс орындарын қолдайды деген үміттері бар.

Кәсіпорын қол қусырып қарап отырған жоқ: өнімдерін өткізетін басқа компания іздестіру үстінде.

Біз өз кезегімізде осы жағдайға байланысты компанияның баспасөз қызметіне сұрау салғанбыз, әдеттегідей жауап кешігіп жатыр...

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 496.48

• USD/KZT 460.17

• RUB/KZT 4.89

• CNY/KZT 63.12

Қазақстан Ұлттық Банкінің 28 тамыз, 2023 жылғы дерегі бойынша



• ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

## Бала құқығын қорғау – бәрінен маңызды

Биыл елімізде білім беру қызметкерлерінің дәстүрге айналған республикалық тамыз кеңесі алғаш рет жаңа форматта өтті. Екі күнге созылған «Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ, табысты ұлт» атты жиында еліміздегі барлық 20 өңір тақырыптық бағыттарға бөлінді. Қарағанды облысының тақырыбы – «Балалар үшін тең мүмкіндіктер». Достық үйінде өткен дәстүрлі тамыз кеңесіне Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысты. Сондай-ақ, жиынға еліміздің барлық өңірінен жиналған 370 адам, ал онлайн режимде бес мыңға жуық адам қосылды. Қатысушылар тақырыпқа сай бала құқығын қорғау және оларға көмек көрсету жүйесін жетілдіру мәселесін жан-жақты талқылады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Бала құқығын кім қорғайды?

Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінде аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Қарағанды облысында балалардың құқықтарын қорғау департаментінің жұмысын жандандыруды ұсынды. Облыста бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл бұрыннан жұмыс істеп келеді. Бала құқығы мен мүдделері бұзылған жағдайда ата-аналар және балалардың өздері де көмек сұрай алады.

– Балалардың құқықтарын қорғаумен көптеген ұйымдар айналысады. Орталықтар да, комиссиялар да, сот органдары да. Қазір біз олармен бірге жоба әзірлеп жатырмыз. Бірақ мұның бәріне үйлестіруші орган қажет. Балалардың құқықтарын қорғау департаменті жұмысын жандандыру қажет, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қарағанды облысында психологиялық қолдау орталығы жұмыс істейді. Ол мектеп психологтарының жұмысын үйлестіреді, зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға көмек көрсетеді.

Бұдан бөлек, облыс әкімі аймақтың жаңа оқу жылына дайындық барысы туралы айтты. Бастауыш сыныптың барлық оқушылары ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Биыл алғаш рет халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балабақша бүлдіршіндерінің тамақтану ақысы толығымен өтеледі.

«Оқушылар автобус паркі 27 жаңа көлікпен толығымен қамтамасыз. Қарағандыда үшінші Оқушылар сарайының құрылысы басталды. Қарқаралы ауданында жыл бойы жұмыс істейтін демалыс лагерін салу, сондай-ақ облыста екі заманауи лагерь жоспарлануда», – деді Ермағанбет Бөлекпаев. Сондай-ақ, облыста екі жаңа мектептің құрылысы аяқталуға жақын, ал қолданыстағы тағы бес мектеп жаңа толықтырулармен кеңейтілмек.

«Биыл жазда 115 білім беру нысанында жөндеу жұмыстары жүргізіліп, «Жайлы мектеп» жобасы аясында 10 жаңа мектептің құрылысы басталды. Жалпы, алдағы екі жылда өңірде 17 заманауи мектеп ашылады. Бұл мектептегі оқыс оқиғалар мен оқушылар орнының жетіспеушілігі мәселесін шешеді», – деді аймақ басшысы.

### Кәсіби асырап алушы отбасылар үлгісі енгізілмек

Тамыз кеңесінде бала құқығын қорғау саласының арнайы шақырылған мамандары бала құқығын қорғау және оларға көмек көрсету жүйесін жетілдіру мәселесін жан-жақты талқылады. Мәселен, әлемнің же-

текті елдері жетім балаларды отбасылық ортаға біріктіру үшін кәсіби асырап алушы отбасылар үлгісін белсенді түрде қолданады, балалар сол отбасында өседі. Оқу-ағарту министрлігі мұндай үлгінің озық әлемдік тәжірибесін Қазақстанда енгізуге бейімдеп жатыр. Мұны Қарағандыда өткен тамыз кеңесінде Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Юлия Овечкина мен Қазақстан Республикасын-

осынша бала болғаны қолайлы деп атады. – Кәсіби асырап алушы тәрбиешілерге қойылатын талаптар патронаттық тәрбиешілер мен қорғаншыларға қойылатын талаптармен бірдей болады, жас шектеуі – 30-дан 53 жасқа дейін. Сонымен қатар, панасыз және қараусыз қалған балаларды, арнаулы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды да отбасына орналастыруға болады, – деді Юлия Овечкина. Кәсіби асырап алушы отбасылардың



ата-аналары қорғаншылық және қамқоршылық органдарында психологиялық дайындықтан және аккредиттеуден өтуі тиіс. Қаржылай қолдау да қарастырылған: әр баланы асырау үшін ай сайын 10 АЕК мөлшерінде төлем, сондай-ақ анасына да, әкесіне де 70 АЕК мөлшерінде жалақы төленетін болады. «Қазақстан халықаралық бастамаларға және тәжірибе алмасуға белсене қатысады. Бүгінде мемлекеттің ерекше көмегі мен қамқорлығын қажет ететін балалармен жұмыс істеудің озық әдістерін енгізуде. Тек 2022 жылдың өзінде қорғаншылық органдары үш мыңнан астам баланы отбасына беріп, балалардың құқықтарын қорғау бойынша 14 мың сот ісіне қатысты. Сонымен қатар, қорғаншылық және қамқоршылық бойынша үш мыңнан астам дау шешілді, 30 мыңнан астам тұрмыстық жағдайлар қаралды. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары жұмысының нәтижесінде 450 мыңнан астам баланың құқығы қорғалып, қалпына келтірілді», – деді Юлия Овечкина өз сөзінде.

Қазір елімізде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу және арнаулы әлеуметтік қызметке мұқтаж балаларға көмек көрсету, оларға психологиялық көмек көрсету мақсатында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының қызметі трансформациялануда.

– Ұйымның трансформациясы аясында біз тек арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы атауын өзгертіп қана қоймай, жұмысты толығымен қайта форматтаймыз. Балаларды қолдау және көмекке толмағандарды бейімдеу орталықтары қызметінің жаңа үлгісі әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға бағытталған қызметтердің жұмысын қамтиды. Трансформацияның басты қағидасы – балаларды мекемеде ұстаудан бас тартып, туыстық және асырап алған отбасыларда өмір сүруіне және жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған, – деді Юлия Овечкина.

– Ұйымның трансформациясы аясында біз тек арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы атауын өзгертіп қана қоймай, жұмысты толығымен қайта форматтаймыз. Балаларды қолдау және көмекке толмағандарды бейімдеу орталықтары қызметінің жаңа үлгісі әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға бағытталған қызметтердің жұмысын қамтиды. Трансформацияның басты қағидасы – балаларды мекемеде ұстаудан бас тартып, туыстық және асырап алған отбасыларда өмір сүруіне және жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған, – деді Юлия Овечкина.

– Ұйымның трансформациясы аясында біз тек арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы атауын өзгертіп қана қоймай, жұмысты толығымен қайта форматтаймыз. Балаларды қолдау және көмекке толмағандарды бейімдеу орталықтары қызметінің жаңа үлгісі әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға бағытталған қызметтердің жұмысын қамтиды. Трансформацияның басты қағидасы – балаларды мекемеде ұстаудан бас тартып, туыстық және асырап алған отбасыларда өмір сүруіне және жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған, – деді Юлия Овечкина.

– Ұйымның трансформациясы аясында біз тек арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы атауын өзгертіп қана қоймай, жұмысты толығымен қайта форматтаймыз. Балаларды қолдау және көмекке толмағандарды бейімдеу орталықтары қызметінің жаңа үлгісі әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға бағытталған қызметтердің жұмысын қамтиды. Трансформацияның басты қағидасы – балаларды мекемеде ұстаудан бас тартып, туыстық және асырап алған отбасыларда өмір сүруіне және жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған, – деді Юлия Овечкина.

– Ұйымның трансформациясы аясында біз тек арнайы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы атауын өзгертіп қана қоймай, жұмысты толығымен қайта форматтаймыз. Балаларды қолдау және көмекке толмағандарды бейімдеу орталықтары қызметінің жаңа үлгісі әлеуметтік жетімдіктің алдын алуға бағытталған қызметтердің жұмысын қамтиды. Трансформацияның басты қағидасы – балаларды мекемеде ұстаудан бас тартып, туыстық және асырап алған отбасыларда өмір сүруіне және жан-жақты көмек көрсетуге бағытталған, – деді Юлия Овечкина.

### Бала өміріне үлкендер жауапты

Қазақстан Республикасы Бала құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева балалардың құқықтарын

қорғауды жақсарту мәселесіне тоқталды. Отбасын қолдау орталықтары жоқ барлық аудандарда екі жыл ішінде барлық бағдарламалар мен мемлекеттік қызметтер қолжетімді болуы үшін оларды құру қажеттігі туындайтынын айтты. Қазір әрбір бала мен отбасы шұғыл көмек қажет болған жағдайда қайда жүгіну керектігін білуі үшін сенім телефоны іске қосылып, бірінші мемлекеттік байланыс орталығын құру бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Соның уақытта ішкі істер органдарымен бірлесіп отырып, мобильді топтар құрылған. Олардың құрамына учаскелік полиция қызметкерлері мен басқарма өкілдері кіреді. Қазіргі уақытта, үш аптаның ішінде, шұғыл көмек пен әлеуметтік қолдауды қажет ететін 500-ден астам отбасы мен бала анықталған.

– Баланың амандығы мен әл-ауқаты отбасының әл-ауқатымен байланысты. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы да өте маңызды: бұл бағытта біз мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып, психологтарға түсетін жүктемені азайту бағытында жұмыс істеп жатырмыз. Шынығында, жалпы алғанда бір психологқа 1500 баладан келеді, ал мұны халықаралық стандарттар тәжірибесіне сәйкестендірсек, бір психологқа 500 баладан келу керек. Сондай-ақ, барлық өңірлерде психологиялық қолдау орталықтарын ашу маңызды. Еліміздің көптеген өңірлерінде мұндай орталықтар әлі күнге дейін жоқ, – деді Динара Болатқызы.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтарын жөніндегі уәкіл мектеп бағдарламасына «Қауіпсіздік сабағын» енгізу қажеттілігін атап өтті. Әрбір бала қарапайым қауіпсіздік ережелерін білуі үшін қажет. Яғни, өзін қалай ұстау керек, қайда бару керек, қауіпті жағдайға тап болса, не істеу керектігін білу үшін мұның мәні зор.

– Біздің қоғамда зорлық-зомбылыққа жол бермейтін мәдениетті қалыптастыру аса маңызды, әсіресе, балаларға қатысты. Балаға зорлық-зомбылық көрсетілсе, бұл туралы отбасында біреу білген, бірақ араласпаған. Біз мұндай мәселемен күн сайын дерлік ұшырасамыз. Бала өміріне үлкендер жауапты, оны кім қорғай алатыны маңызды. Баланың әрқашан жақсылық жолын таңдағанын және осы жолды ұстанғанын қалаймын. Біз балаларға көмектесе аламыз, – деді Динара Зәкиева.

– Біздің қоғамда зорлық-зомбылыққа жол бермейтін мәдениетті қалыптастыру аса маңызды, әсіресе, балаларға қатысты. Балаға зорлық-зомбылық көрсетілсе, бұл туралы отбасында біреу білген, бірақ араласпаған. Біз мұндай мәселемен күн сайын дерлік ұшырасамыз. Бала өміріне үлкендер жауапты, оны кім қорғай алатыны маңызды. Баланың әрқашан жақсылық жолын таңдағанын және осы жолды ұстанғанын қалаймын. Біз балаларға көмектесе аламыз, – деді Динара Зәкиева.

– Біздің қоғамда зорлық-зомбылыққа жол бермейтін мәдениетті қалыптастыру аса маңызды, әсіресе, балаларға қатысты. Балаға зорлық-зомбылық көрсетілсе, бұл туралы отбасында біреу білген, бірақ араласпаған. Біз мұндай мәселемен күн сайын дерлік ұшырасамыз. Бала өміріне үлкендер жауапты, оны кім қорғай алатыны маңызды. Баланың әрқашан жақсылық жолын таңдағанын және осы жолды ұстанғанын қалаймын. Біз балаларға көмектесе аламыз, – деді Динара Зәкиева.

– Біздің қоғамда зорлық-зомбылыққа жол бермейтін мәдениетті қалыптастыру аса маңызды, әсіресе, балаларға қатысты. Балаға зорлық-зомбылық көрсетілсе, бұл туралы отбасында біреу білген, бірақ араласпаған. Біз мұндай мәселемен күн сайын дерлік ұшырасамыз. Бала өміріне үлкендер жауапты, оны кім қорғай алатыны маңызды. Баланың әрқашан жақсылық жолын таңдағанын және осы жолды ұстанғанын қалаймын. Біз балаларға көмектесе аламыз, – деді Динара Зәкиева.

– Біздің қоғамда зорлық-зомбылыққа жол бермейтін мәдениетті қалыптастыру аса маңызды, әсіресе, балаларға қатысты. Балаға зорлық-зомбылық көрсетілсе, бұл туралы отбасында біреу білген, бірақ араласпаған. Біз мұндай мәселемен күн сайын дерлік ұшырасамыз. Бала өміріне үлкендер жауапты, оны кім қорғай алатыны маңызды. Баланың әрқашан жақсылық жолын таңдағанын және осы жолды ұстанғанын қалаймын. Біз балаларға көмектесе аламыз, – деді Динара Зәкиева.

– Біздің қоғамда зорлық-зомбылыққа жол бермейтін мәдениетті қалыптастыру аса маңызды, әсіресе, балаларға қатысты. Балаға зорлық-зомбылық көрсетілсе, бұл туралы отбасында біреу білген, бірақ араласпаған. Біз мұндай мәселемен күн сайын дерлік ұшырасамыз. Бала өміріне үлкендер жауапты, оны кім қорғай алатыны маңызды. Баланың әрқашан жақсылық жолын таңдағанын және осы жолды ұстанғанын қалаймын. Біз балаларға көмектесе аламыз, – деді Динара Зәкиева.

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

## Жол сапасы қатаң бақылауда

Қазір облыс орталығында жол жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Биыл Қарағандының жеке секторындағы 52 шақырымға асфальт төселді. Жол жаңарту жұмыстары қаланың Михайлов, Берлин, Федоров бөлігінде және қала орталығында қолға алынған. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қала көшелерін аралау барысында жолдарды, су құбырлары мен жылу желілерін жөндеу жұмыстарының барысын бақылады.

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде кеншілер шаһарының орталығында жеке секторда төрт шақырым жайдақ жолға асфальт төселген. Алдағы уақытта тағы бір шақырым төселмек.

Сондай-ақ, 2022 жылы облыс орталығында «Ыңғайлы тас жол» тәжірибесі енгізілді. Су құбыры желілерін жөндеу жоспарланған жолдарға қиыршық тас төселеді. Биыл білік 15 шақырым жолға ұсақталған тас себуді жоспарлап отыр.

Жол инфрақұрылымын дамы-

ту туралы аймақ басшысына Қарағанды қаласы әкімінің коммуналдық мәселелер жөніндегі орынбасары Рүстем Қожақанов кенінен баяндап берді.

– Новгородская көшесі бойындағы жол пайдалануға берілді. Бұл – «Тойота орталығы» қиылысындағы көлік кептелісін төмендететін транзиттік дәліз. Гоголь жетінші магистраль қиылысында 10 күн ішінде бағдаршам орнатылады. Федоров өткеліне келсек, мердігер келесі аптаның соңында көшені ашуды жоспарлап отыр. Мұнда асфальттың жоғарғы қа-



баты толығымен ауыстырылып, бетон жиектері гранитке ауыстырылды, – деді Рүстем Максатұлы.

Облыс әкімі Н.Әбдіров даңғылы мен Әлиханов көшесіндегі шағын жолдың жөндеуін де тексерді.

Бұдан бөлек, Ермағанбет Бөлекпаев «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 21-су құбырын қайта жаңарту барысымен таныстырылды. Су құбыры 1977 жылдан бастап, жұмыс істейді және қаланың орталығын, Михайлов-



каны, Актас кентін сумен қамтып отыр. Тұрғындар «бұл магистральде апаттар жиі орын алады» деп бірнеше рет шағымданған. Жоба желтоқсан айының соңында аяқталады. Сумен жабдықтау сапасы ғана емес, сонымен қатар, қысым да артады.

Ал, Жамбыл көшесінде жылу желілері жаңартылып жатыр. Өткен жылы мұнда сегіз апат болып, тұрғындар жылусыз қалған. Қазір құбырларды орнату аяқталған.

Жөндеу жұмыстарынан кейін жол қиыршық таспен жабылып, асфальттау келесі жылға жоспарланған.

Облыс әкімі қала басшысы Мейрам Қожуховқа қоғамдық орындарды жұртшылыққа қолжетімді етуді мұқият тапсырды. Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін биік шекестар мен ыңғайсыз жол жиектері түрінде кедергілер болмауы керектігіне баса назар аударуды міндеттеді.

• ТАҒАЙЫНДАУ

## Басқармада жаңа басшы

Қарағанды облысы Ауыл шаруашылығы басқармасын енді Саят Мусин басқарады. Саят Мусин 2015 жылдан бастап мемлекеттік қызметте.



Ветеринарлық қызметте түрлі лауазымдарда жұмыс істеген. АӨК мемлекеттік инспекциясының бас маманы-ветеринар дәрігері, Абай ветеринарлық станциясы директорының міндетін атқарушы, Қарағанды облысы ветеринария басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет еткен.

2018 жылдың қазан айынан бастап, осы тағайындауға дейін Абай ауданы әкімінің орынбасары болды.

• АКЦИЯ

## Адам баласы бір-біріне бауыр

Балқаш медициналық колледжінде облыс орталығынан келген мамандар ерікті қан тапсырушыларды қабылдады.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осы күні Балқашта 100-ден астам адам акцияға қатысты. Барлық донорларға екі күнге жұмыстан босату туралы анықтама берілді.

– Бұл, біріншіден, сауапты іс. Екіншіден, адамға өте пайдалы. Қаны сұйылады. Имунитеті жоғарылайды. Бауыры жақсы жұмыс істейді. Сондықтан, қан тапсырғанның денсаулыққа еш зияны жоқ, – деді «Облыстық қан орталығы» КМК донорларды жан-нақтау бөлімінің жалпы тәжірибелік дәрігері Гүлнұр Смағұлова.

БАЛҚАШ

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

## Қыста қалтырамас үшін

«Қарағанда Энергоцентр» ЖШС – облыстағы жылу мен электр энергиясының негізгі өндірушісі. Кәсіпорын қызметі Қарағанды қаласын уақытылы әрі үздіксіз жылумен, электр энергиясымен жабдықтауды мұрат етеді. Кәсіпорын құрылымында қос жылу электр орталығы бар. Олар – бірінші және үшінші жылу электр орталығы. Екеуінде 16 қазандық пен 10 турбина орнатылған. Кәсіпорында 1 301 адам еңбек етеді. Бұл деректерге біз Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «Қарағанда Энергоцентрмен» бірлесіп өткізген экскурсия кезінде қанық болдық...

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Компания объектілерін қайта жаңартып-жаңғыртуға, инвестициялық бағдарламаларды іске асырудағы тиімділік қаншалықты пайдалы?» деген бір сауал құзырлы мекемелер басшылары мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерінен, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары мен журналистерден құралған арнайы делегацияны алға бастады. Тараптардың көзделгені бір. Ашықтық.

– Жұмыс кесте бойынша жалғасуда. Биылғы жөндеу бағдарламасының жалпы құны – 13 млрд. теңге шамасында. Сәл ертерек біз Үкіметке де жұмыс қорытындысы бойынша есеп берген болатынбыз, – деді компания бас директорының міндетін атқарушы Мұхтар Сүлейменов. – Үшінші жылу электр орталығында үрлемелі желдеткіштердің негізгі тораптары мен екі қазандық агрегаттарындағы шаң-көмір қыздырғыштары ауыстырылады, – деп нақтылады ол. – №3 күл үйіндісі секциясының құрылысы, үшін-




ші жылу шығару құрылысының жобасын іске асыру шеңберінде технологиялық құбырларды реконструкциялау, турбинаның жоғары қысымды цилиндрлерінің бүтіндігін тексеру жұмыстары жүргізілуде.

«Қарағанда Энергоцентр» та-

биғи монополия субъектісі екендігін естен шығармаған маңызды. Қазіргі қолданыстағы тарифі 1 Гкал үшін 3 050,51 теңгені құрайды. Бүгінде энергетиктер №5 қазандық агрегаты мен №6 қазандық агрегатына ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Көңіл бұрып, ұққысы келгендердің барлығына компания өкілдері ЖЭО-1 және ЖЭО-3 жабдықтарын дайындау бойынша жөндеу бағдарламасы жарты жылға есептелгенін мәлімдеді. Оған нақтылағанда 13 млрд. 698 млн. теңге жұмсалды.

– Оның 6 млрд. 91 млн. теңгесі қазандықтар мен турбиналарды, сондай-ақ қосымша жабдықтарды, Қарағанды ЖЭО-3 ғимараттары мен құрылыстарын күрделі жөндеуге қарастырылған, – деді Мұхтар Сапарғалиұлы. – Қарағанды ЖЭО-3 үшін №3 күл үйіндісінің 1-ші секциясын салуға және Қарағанды ЖЭО-1 күл үйіндісін құрғақ күл жинау әдісімен реконструкциялауға да сол мамаға жетекейлі қаражат дерлік бағытталды. Қарағанды ЖЭО-1 қазандықтарын, турбиналарын, сондай-ақ қосалқы жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды күрделі жөндеуге шамамен 926 млн. теңге қарастырылған.



### РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Екі станцияда күрделі, кеңейтілген-ағымдағы және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Жоғарыда жиі қайталанған екі жылу орталығы да маңызды аймақ. Онда қаланың орталықтан-дырылған жылумен жабдықтау жүйесіне жеткізілетін жылу энергиясының 83% өндіріледі. Жылу энергиясын өндіру бойынша инвестициялық бағдарламаны орындау шеңберінде 2023 жылы ЖЭО-1-де жылыту және экологиялық жабдықтардың жұмысын жақсартатын шаралар іске асады.

– Жылыту маусымына дайындық негізгі жабдықтарды жөндеумен ғана шектелмек емес. Түгін құбырларын, электр қозғалтқыштарын, сорғы жабдықтарын, тепловоздар мен бульдозерлерді оңдау және бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру жүргізілуде, – деді техникалық директор. – Жөндеу жұмыстарының жалпы көлемінің 75% құрайды. Станцияларда жөндеу жұмыстары қыркүйек айының соңына дейін жалғасады.

Инвестициялық бағдарлама бойынша 2023 жылы өткізілген шаралардың жалпы құны 1 213 618 мың теңгені құрайды. Жергілікті маңызы бар ЖЭО-1 станциясында қазандық агрегатын күрделі жөндеу, екі қазандықты ағымдағы жөндеу, сондай-ақ су жылытатын қазандық агрегатын ағымдағы жөндеу аяқталды. ЖЭО-1-дегі төрт турбинада күрделі, кеңейтілген-ағымдағы және ағымдағы жөндеу жұмыстары толық аяқталды. Станцияларға жанар-жағармай жеткізілуде және қазіргі уақытта отынның нормативті қоры қамтамасыз етілуде, ол барлық жылыту кезеңінде сақталды.

– Инвестициялық міндеттемелерді орындау бойынша біздің өңірдегі департамент өкілдері үнемі бақылап отырады. Күнделікті жұмыс көз алдында болған сұрақ туындамайды, – деді ол. – Жылыту маусымының басында 100% дайын болу үшін біз барлық белгіленген көлемдерді уақытында орындауымыз керек.

• ОҚЫС ОҚИҒА

## Шахтадан тағы өрт шықты

Айналасы он күн өтті, өткендегі «Қазақстан» шахтасындағы апатты жағдайдан кейін тағы да «АрселорМиттал Теміртау» АҚ компаниясына тиесілі «Саран» шахтасынан өрт шықты. Кеншілер аман.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Компанияның баспасөз қызметі аталған шахтадан тілсіз жау түнде шыққаны, арнайы құтқару тобы жедел қимылдап, жер астындағы кеншілерді аман-есен алып шыққаны хабарлады.



«27 тамыз күні сағат 01:55-те «Саран» шахтасынан өрт шығып, апатты жою жоспары енгізілді. Өрт сөндірілді. Барлық жұмысшылар жер бетіне шықты. Зардап шеккендер жоқ, себептері мен мән-жайы анықталуда», – деп мәлімдеді «АрселорМиттал Теміртау» АҚ баспасөз қызметі.

Өрт орын алған түні Саран шахтасында 187 адам жұмыс істеп жатқан. Төрт кенші жан-жақтан болған. Бүгінгі күні өрттің шығу себептері анықталып жатыр. Тілсіз жау сол күні сағат 04:00-де ауыздықталған.

Өткен жексенбі кеншілер күні еді. Бірақ, бұл мереке биыл сән-салтанатымен аталып өтпеді. «Қазақстан» шахтасындағы қайғылы жағдайға байланысты облыс әкімдігі өңірдегі барлық салтанатты іс-шараларды тоқтатқан болатын.

Естеріңізге сала кетейік, 17 тамыз күні «АрселорМиттал» компаниясына тиесілі «Қазақстан» шахтасында конвейер таспасы өртеніп, оқыс оқиға болды. Сол уақытта жер астында 227 адам болған. Кеншітегі 222 жұмысшы жер бетіне дереу шығарылғанымен, 5 кеншіні құтқарып қалу мүмкін болмаған еді.

• БРИФИНГ

## Декларация тапсыру мерзімі аяқталуға жақын

1 қаңтардан елімізде кірістер мен мүлікті жалғыз бірдей декларациялау кезең-кезеңімен енгізіле бастаған болатын. Ал, 15 қыркүйекте декларациялаудың екінші кезеңі – активтер мен міндеттемелерді ұсыну мерзімі аяқталады. Тапсырушы үлгермегендер декларацияны «Салық төлеушінің кабинеті», «Электрондық үкімет» порталы, E-Salyq Azamat, eGov.mobile мобильді қосымшалары арқылы электрондық түрде ұсына алады.

Салтанат ГИНИЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Декларацияда не көрсетіледі?

Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Қанат Ахметбеков декларацияны бюджеттік ұйым қызметкерлері, квазимемлекеттік сектор басшылары, яғни, барлық ұлттық компания басшылары өздерінің жұбайларымен бірге тапсыратынын айтады. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекет құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде ұлттық холдингтер, сондай-ақ олардың еншілес, тәуелді секторлары және басқа заңды тұлғалар кіреді.

250.00 нұсанындағы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда не көрсетілуі керектігіне де тоқталды Қанат Мұратұлы.

– Декларацияда шет мемлекетте тіркелген мүлікті көрсету қажет. Одан бөлек, Қазақстан аумағынан тыс жерлердегі шетелдік банктердегі шоттардағы барлық салымдар бойынша 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын қаражат та көрсетіледі. Ел аумағынан тыс құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесін,

бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, инвестициялық алтын, авторлық құқық, зияткерлік меншік нысандары – осының бәрін Қазақстанда да, ҚР шегінен тыс жерлерде де көрсету қажет, – дейді басқарма басшысының орынбасары.

Одан бөлек, жеке тұлғаның қалауы бойынша құны айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен асып кеткен және бағалау құны бар мүлік те, одан бөлек, сенімгерлік басқаруға берілген мүлік те декларацияға енеді.

Декларация уақытылы ұсынылмаса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 272-бабына сәйкес, жауапкершілік көзделген. Бұл ретте алдымен ескерту жасалады. Ал, ескертуден кейін тағы қайталанар болса, айыппұл салынады.

### Банкроттыққа өтініш беру – тегін

Брифингте Қанат Ахметбеков соттан тыс банкроттықты қолдану туралы өтініштердің қайтарылу себептерін атады. Естеріңізге болса, биылғы жылдың 3 наурызынан «Қазақстан Республикасының азаматтарының төлем қабілеттілігі мен банкроттығын қалпына келтіру туралы» Заңы күшіне енген болатын. Соған сәйкес, бүгінде облыста соттан тыс банкроттыққа 2534 өтініш берілген. Оның 578-і мақұлданып, 1878 өтініш қайта-



рылған. Ал, 78-і – қарастырылуда.

– Статистика көрсеткендей, қайтарылған өтініштердің дені 12 айда жүйелі түрде төлем қабілетінің болмауына байланысты. Яғни, қарыз ішінара өтелген. Одан бөлек, жеке сот орындаушылары берешекті мәжбүрлен өндіріп алған. Мемлекеттік органдар базаларында дер кезінде түзету жасалмағандықтан, атына тіркелген жылжымайтын мүлік пен көлігінің бар екенін білмейтін жағдайлар да бар, – дейді Қанат Мұратұлы.

Бұл ретте, деректерді соттан тыс банкроттықтың кіріс параметрлеріне сәйкестігін тексеру мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дерекқорларын салыстыру арқылы TAZALAU жүйесінде автоматты түрде жүзеге асырылады.


Қанат Ахметбеков соттан тыс банкроттыққа өтініш бергісі келетіндерге

несие тарихын алдын ала тексеріп, тіркелген мүліктің болуы немесе болмауы туралы кадастрлық анықтаманы алуға кеңес береді. Содан кейін ғана соттан тыс банкроттықты қолдануға өтініш берген дұрыс. Өйткені, қайта өтініш беру үш айдан кейін жүргізіледі.

Соттан тыс банкроттық бойынша қызметті мемлекеттік кірістер органдары көрсетеді. Өтініш беру – тегін. Ол үшін халыққа қызмет көрсету орталығына немесе аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына жүгіну жеткілікті.

### Салықты уақытылы төлеу – міндет

Қанат Ахметбеков салық берешегін өтеуге қатысты да ақпаратпен бөлісті. Мәселен, 21 тамызда облыс бойынша жеке



### РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

тұлғалардың берешегі 988 млн. теңгеге жеткен. Оның 960 млн. теңгесі – көлік құралдарының салығы.

– Мемлекеттік кірістер департаменті облыстың полиция департаменті және жеке сот орындаушыларымен бірге көлік құралдарына салынатын салық берешегін өндіріп алу мақсатында бірлескен іс-шаралар өткізеді. Борышкерлердің автомобильдері «Қорғау» бағдарламасымен анықталады. Яғни, көше камераларының деректері талданады және полицияның жақын маңдағы нарядының планшетіне хабарлама жіберіледі. Бұл көлік салығы бойынша қарызы бар жүргізушіні жылдан анықтауға және шара қабылдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, 46 млн. теңге сомасында берешек өндірілді, – дейді Қанат Мұратұлы.

Берешекті «E-Salyq Azamat» мобильді қосымшасынан, www.kgd.gov.kz порталынан, сонымен қатар, екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларынан білуге болады.

Қанат Мұратұлы 1 қазанда жеке тұлғалардың мүлкіне салық төлеу мерзімі аяқталатынын еске салады.



## Ата Заң – айбыным



Әділ заңың елге ырыс үйіер,  
Хан мен халық сүйер сені сүйінер.  
Заң түзеледі – жақсылық кең жайлайды,  
Кетті құрып, зар жамандық қайдағы.  
Іс бұзылса, заң бұзылса – ел азар,  
Ел бұзылар, бағы қайтып жер азар.  
Заңды бұзба, жамандарға ермегей,  
Жаманнан без, қол ұшын да бермегей.  
Бұл шумақтардың авторы – дана, ойшыл Жүсіп Баласағұн. Жазылғанына он ғасыр өтсе де, бүгінде маңызын еш жоймаған. Демек, заң шығару, оны орындау үшін басшылыққа алып, мұқият бағыну – Ұлы Дала халқының ежелден бергі игі дәстүрі деуге толық негіз бар.

Ата Заңымызда зайырлы, құқықтық-демократиялық мемлекет құрамыз деген ұлы міндеттер айқындалғаны аян. «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз», – деп басталатын Ата Заң дүние жүзі мемлекеттерінің негізгі заңдары арасында ең адамгершілік ізгілікті (гуманистік) заңдардың қатарынан.

Біз, Ұлт ұланы әрқашан халықтың, жеке бастың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостан-

дықтарын, қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қолсұғушылықтардан қорғауға қызмет етеміз.

Ішкі істер органдарымен бірлесіп, қоғамдық тәртіпті қорғауға, жаппай тәртіпсіздіктердің жолын кесуге, қоғамдық қауіпсіздікті және төтенше жағдай мен соғыс жағдайының, терроризмге қарсы, құқықтық режимдерін қамтамасыз етуге, сондай-ақ, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды еш мүлтіксіз орындаймыз.

Конституция осы жылдарда Қазақстан Республикасының қанатын қатайтып, қуатты ел болуына қызмет еткені даусыз.

Еліміздің Ата Заңы – Конституция мемлекеттің және қоғам дамуының берік іргетасы, қазақстандықтардың тең, әділ құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Біз оны жете түсінеміз. Ең бастысы – адамның құқығы мен бостандығын қорғайтын негізгі заң, мемлекет пен жеке адамның бостандығы және өзара жауапкершілік қағида-тартарына кепілдік беретін аса маңызды саяси және құқықтық құрал, қоғамдық келісім.

Басталған өзгерістерге шынайы берілгендігін және қоғамның дамылсыз дамуына деген ұмтылысын растай отырып, Қазақстан халқы өзінің тарихи таңдауын жасады. Біз Ата Заңда айқындалған азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға әрқашанда әзірміз.

**Сәкентай ШЕКАРБЕКОВ,**  
**Ұлттық Ұлан «Орталық» өңірлік**  
**қолбасшылығының қолбасшысы,**  
**генерал-майор**

## Дерек пен дәйек

**Ата Заң – ұлтымыздың қастерлі құжаты. Биыл Конституциямызға 28 жыл толады. Осыған байланысты төмендегі жеті деректі таспалағанды жөн көрдік. Көз жүзгірте отіңіз, мәртебелі оқырман!**

«Ата Заңды жазуға үш миллионнан астам қазақстандық қатысқан екен. Осы кездегі Конституцияның жобасын талқылауға еліміз бойынша үш миллионнан астам адам қатысып, ел болашағы үшін маңызды құжат туралы пікір таластырған еді.

«Қазақстанның тұңғыш Президенті қысқалық мерзімді еңбек демалысын алған болатын. Конституцияны дайындауға Нұрсұлтан Назарбаев тікелей араласқан. Ол екі апталық еңбек демалысын алып, шетелдік заңнамаларды терең зерделеген.

«Қазақстан Конституциясы француздық модель негізінде қабылданды. Ата Заңымыз билік үлгісі бойынша мықты Президент және мықты Парламент басқаратын француздық модельге ие.

«Ата Заңымыздың негізіне француздық модельден бөлек 1948 жылы қабылданған Адам құқығы жөніндегі жалтыға бірдей Декларация алынған. Бұл құжат әлемдегі барлық елдердің Кон-

ституциялары негізге алатын халықаралық акт болып саналады.

«Ел Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясына қолын қойып ант береді. Бізде Мемлекет басшысы Ата Заңымызға қол қояды. Мұндағы дәстүрдің мәні Президент заңға құрметпен қарайтындығын білдіреді.

«Ата Заңымыздың қазақшасында орыс тіліне қарағанда сөздер көп. Конституцияның мемлекеттік тілдегі нұсқасында 8 904 сөз бар болса, ресми тілдегі нұсқасында 7 168 сөз бар екен.

«Біздің еліміз КСРО құрамынан ең соңынан шыққаны мәлім. Сол себепті де, Қазақстан Республикасының Конституциясы – әлемдегі ең жас Ата Заңдардың бірі болып саналады.

**Материалды ашық дереккөз**  
**негізінде әзірлеген**  
**Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ**

### • ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ

## Прокуратура заңдылықты нығайтуды көздейді

Еліміздегі ең маңызды мемлекеттік мерекелердің бірі – Конституция күні. Прокуратура органдары үшін бұл ерекше әрі маңызды мереке. Өйткені, Негізгі Заңға сәйкес, прокуратура органдарына егемен Қазақстанның бүкіл аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыру жүктелген.

Әрбір адамның, көпбалалы отбасылардың, мүгедектердің, ардагерлердің, көмелетке толмағандардың және басқа да әлеуметтік қорғалмаған азаматтардың, кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау – прокуратура органдары жұмысының негізгі басымдығы.

Сонымен қатар, прокуратура конституциялық заңдылықты қамтамасыз етуге белсенді ықпал ете отырып, құқықтық мемлекет құруда шешуші рөл атқарады. Оның адам құқықтарын қорғауда ғана емес, қылмысқа қарсы күресте де орны бөлек.

Қазіргі уақытта құқық бұзушылықтардың алдын алуға көп көңіл бөлінуде. Қылмыстық процесте қылмысқа қарсы күрес және азаматтардың құқықтарын қорғау жөніндегі басқа органдармен бірлескен іс-қимылдар азаматтардың қылмыстар туралы шағымдарын тіркеуге және қылмыс денгейін, оның шығу тегін талдауға және оны төмендету бойынша шаралар жүргізуге мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта қабылданған шаралардың нәтижесінде облыста қылмыс денгейі 14%-ға төмендеді.

Есірткі қылмыстарымен, алаяқтықпен жан-жақты күрес жүргізілуде. Осы мақсатта халық үшін нашакорлықтан және алаяқтықтан қорғану бойынша ұсынымдар келтірілген қысқаша жадынамалар әзірленіп, қоғамдық орындар мен интернет-ресурстарда таратылды.

Бұдан басқа, нашакорлықтың алдын алу мақсатында телеграм-арна іске қосылды, онда азаматтар есірткіні тарату және заңсыз жарнамалау фактілері туралы хабарлай алады.

Ел Конституциясында әркімнің білікті заң көмегіне, жеке бостандығына құқығы бар екені, ешкімді кемсітуге, азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгездікке жол берілмейтіні бекітілген. Адамның қылмыстық іс бойынша мәртебесіне қарамастан, ол ұсталған, күдікті немесе айыпталушы болса да, ол Конституциямен кепілдендірілген негізгі құқықтары мен бостандықтарынан айырылмайды.

Қарағанды облысының прокуратура органдары қылмыстық процесте азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуде.



Қадағалау органы сотта мемлекеттің мүдделерін білдіреді, өздері қорғана алмайтын азаматтардың құқықтарын қорғайды. Оның мақсаты – Конституцияны сақтап, заңдылықты, жеке адамның және қоғамның құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.

Прокурорлар ден қою шараларымен 114 мыңнан астам азаматтың құқығын қорғады.

Мемлекеттің мүдделері де белсенді қорғалады. Мысалы, бюджетке 1 млрд. теңгеден астам қаражат өндірілді, 1,3 млрд. теңгеге мүлік қайтарылды, 5 млрд. теңгеге 31 заңсыз мемлекеттік сатып алуға жол берілген жоқ. Прокуратураның азаматтық істерге қатысуы нәтижесінде мемлекетке 194 млн. теңге шығын келтірудің алдын алды.

Біз жеке кәсіпкерлердің де құқығын қорғаймыз. Соңғы уақытта үш мың кәсіпкердің құқығы қорғалды. Облыста бизнесті қорғау мақсатында кәсіпкерлердің хабарламаларына жауап беретін 15 мобильді топ тәулік бойы жұмыс істейді. Қадағалау шараларымен 33 лауазымды тұлға жауапқа тартылды, 97 млн. теңгеден астам қаражат қайтарылды, заңсыз тексерулер өткізген төрт лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Қазір кәсіпкерлердің өтініштері 40 пайызға төмендеді (205-тен 126-ға дейін).

Прокуратура органдарының жұмысындағы басым бағыттардың бірі – еліміздің болашағы балалардың құқықтарын қорғау.

Біздің бастамамызбен Көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу бойынша жұмысты кү-

шейтуге бағытталған жол картасы іске асырылуда. Оқу ұйымдарында «жедел желі» ұйымдастырылды, мұнда әрбір бала құқығы бұзылған жағдайда хабарлай алады. Жедел желі тәулік бойы жұмыс істейді.

Прокуратураның мақсаты – мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының бірлігін қамтамасыз ете отырып, мемлекетте заңдылықты нығайту болып табылады. Ол сонымен қатар, көптеген азаматтардың құқықтарына әсер ететін жаппай бұзушылықтарға қарсы тұра алады.

Қазіргі прокуратура заңдылықты сақталуына ғана емес, сонымен бірге, Конституцияның бұзылмауын да қадағалап, заңсыз нормативтік актілерге наразылық келтіреді.

Қазақстанның қазіргі прокуратурасы заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, мемлекет құрылымындағы өзгерістерге кідіріссіз бейімделеді.

Басқа құқық қорғау органдарынан айырмашылығы, прокуратура қылмыс фактісін анықтаумен қатар заң бұзушылықтың орын алу жағдайлары мен себептерін талдайды. Бұл прокуратураға заңдардың әлеуметтік маңыздылығын анықтауға және олардың тиімділігін болжауға мүмкіндік береді.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Конституциясы күні қарсаңында прокуратураның мемлекет пен қоғамдағы ролі мен орнын атап өту маңызды.

**Бауыржан МЫРЗАКЕВОВ,**  
**Қарағанды облысының**  
**прокуроры**

## Конституция – тасқа басылған таңба

(Соңы. Басы 1-бетте).

Талқылауларға үш миллионнан астам азамат қатысты. Нәтижесінде 30 мыңға жуық ұсыныс пен ескерту, 55 бапқа 1100-ден астам түзету мен толықтыру енгізілді. Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында Конституцияға референдум арқылы екі рет өзгерістер енгізілген. Біріншісі 1995 жылы өтті. Кейінгісі былтыр болды. 22 мамырда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституцияның 91-бабының 1-тармағына және «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңның 18-бабына сәйкес, Ата Заңымызға өзгертулер мен толықтырулар енгізу үшін Республикалық референдум өткізу туралы Жарлығы шықты.

2022 жылдың 8 маусымында соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Қазақстан Республикасының Конституциясы 10 бөлім, 99 баптан тұрады. Мынадай ауқымды өзгерістер болды.

Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан күшті парламентті бар президенттік формаға көшті. Бұл шешімді қабылдаудағы негізгі мақсатты Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауы



кезінде айтқан еді. «Бізге Қазақстан дамуының саяси моделін қайта құру бойынша сындарлы қадамдар қажет. Мұнда ең алдымен, суперпрезиденттік басқару формасынан күшті Парламентті бар президенттік республикаға түпкілікті көшу туралы айтылып отыр. Мұндай жүйе билік институттарының қолайлы теңгерімін қамтамасыз етеді және елдің орнықты дамуына ықпал ететін болады. Алдымызда Парламенттің ролін күшейту міндеті тұр.

Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашады. Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Жаңа Қазақстанды азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналдырамыз. Осыған орай, күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет қағидатын басшылыққа аламыз», – деді Президент.

Одан кейін, жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дү-

ниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі болды (6-баптың 3-тармағы). Ата Заңның ескі нұсқасында «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жекеменшікте де болуы мүмкін» делінген. Ал, жаңасында «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ, заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жекеменшікте де болуы мүмкін» деп өзгертілді.

Президенттің жақын туыстары саяси мемлекеттік қызметші, квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылары лауазымдарына тағайындай алмайды. Бұл да елді елең еткізген жаңалық болды. Ел басқарып отырған туысының ықпалымен шен алып, билік құруға жол жабылды.

Бір адам бір реттен артық Президент бола алмайды және мерзімі жеті жылға ұзартылды. Таяу шығыс саяси зерттеулер институтының басшысы Әлі Семиннің сөзінше, түркітілдес елдерде бұрын-соңды мұндай болмаған. «Қазақстанда маңызды өзгерістер болып жатыр. Әсіресе, Президенттік мерзімге қатысты. Яғни, жеті жылға, тек бір мерзімге ғана сайлануға мүмкіндік беретін заң түркітілдес елдердің артығын тұңғыш рет қабылданып тұр. Бұл демократиялық қадам Қазақстанның әлем қауымдастығы алдындағы беделін арттырып, инвесторлардың сенімін күшейтетіні сөзсіз. Президент Тоқаевтың

реформалары тек ел ішінде емес, сыртқы саясатта да маңызды өзгерістерге әкелді деп сенемін», – деді Әлі Семин.

Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық сотқа жүгіне алады. Халықаралық деңгейдегі саяси сарапшылардың пікірінше, бұл шешім де демократияны күшейтуге жасалған нық қадам.

Өлім жазасына тыйым салынды, ешкімнің адам өмірін киноға құқығы жоқ. Бұрын өлім жазасы тек мараториймен тоқтатылып тұр еді. Мараторий 2003 жылы жарияланған. Оған дейін Қылмыстық кодекстің 17-бабы бойынша істі болғандарға қолданылып келді.

Мәжілістің депутаттық корпусы аралас сайлау жүйесі бойынша құрылады, Сенаттағы президенттік квота қысқартылып, Мәжілістегі Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы жойылды. Тұңғыш Президенттің ерекше ролі мен артықшылықтары туралы ережелер алынды. Конституциялық сот құрылды.

Жалпы айтқанда, былтыр ел дамуына қарқын беретін маңызды шешімдер қабылданды. Президент Қазақстан халқына Жолдауында да, Ұлытау мен Түркістанда өткен ұлттық құрылтайларда да реформалардың мәні мен мақсаты хақында нақтылап айтты. «Бұл реформа өте маңызды. Ол Қазақстанның заманауи және тиімді мемлекетке трансформациялануына бағытталған жұмыстардың басын біріктіреді», – деді Президент.

Ата Заңымыз заманауи сай жаңғырды. Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер қамтылды. Ұлттың мүддесін қамтыды. Ендігіде жұрт болып жұмылсақ керек.

## Құрметті ұстаздар, ата-аналар және құрметті оқушылар!

Сіздерді Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазіргі уақытта білім беруді дамыту біздің мемлекетіміз үшін басым міндет болып табылады. Осы орайда аймағымызда Жайлы мектептердің құрылысы бойынша жұмыстар белсенді түрде жүргізілуде. 2023 жылға дейін Қарағанды, Абай, Қарқаралы, Балқаш, Приозерск қалаларында, сондай-ақ Бұқар жырау, Шет және Нұра аудандарында 18 жаңа заманауи білім беру мекемелерін ашу жоспарлануда.

Бірінші қыркүйек – жастарымыз білім алуға ұмтылатын, жаңа ізденістерге құлаш ұратын кезең. Дана халқымыз «Білімнің басы – бейнет, соңы – зейнет» деп тегін айтпаса керек. Сонымен қатар бұл жастарымызға білім мен тәлім-тәрбие беретін ұстаздар мен ата-аналар үшін аса жауапты кезең. Біз сіздерге ел ертеңі – жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде үлкен парасат пен қажыр-қайрат, шыдамдылық тілейміз.

Қадірлі мұғалімдер мен оқушылар, 1 қыркүйек – Білім күні сіздерді өмірлік мақсаттарыңыздың орындалуына жетелейтін табысты кезеңге айналсын. Мереке құтты болсын!

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**  
Қарағанды облысының әкімі

**Нүркен ҚОБЖАНОВ,**  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

## • ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

# Білімнің биік белесі

Санаулы күндерде жас буын үшін жаңа оқу жылы басталады. Токсан күн бойы тыныққан олар тың серпінімен оқуға кіріспек. Ал, олардың өмір жолын айқындайтын ұстаздар қадірлі ісін қайта жалғастырады. Биыл облыста 172 мыңнан аса бала мектепке барады. Оның 17 мыңнан астамы мектеп табалдырығын алғаш рет аттайды. Биыл соңғы қоңыраудың қайтадан 25 мамырда соғылатыны – балалар мен ұстаздарды қуантты. Бұдан басқа жаңа оқу жылында қандай оң өзгерістер болмақ?

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеше өткен республикалық тамыз кеңесінде Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова биылғы 2023-2024 оқу жылы 25 мамырда аяқталатынын айтты. Оқу жылының ұзартылуы осыған дейін қоғам тарапынан сыныға ұшыраған еді. Бұл әлемдік тәжірибе екенін ескеріп, министрлік дұрыс шешім қабылдағанын, алайда асығыстық болғанын тілге тиек етті.

«Осыған орай осы оқу жылында 34 апталық оқу ұзақтығына оралып, сабақты 25 мамырда аяқтау дұрыс деп есептеймін», – деді ол.

Бірақ, бұл 2023 жылға дейінгі шешім. Оның айтуынша, 36 апталық оқу ұзақтығына оралу мәселесін 2023 жылдан бастап қайта пысықтау қажет. Ал, алдағы оқу жылы ішінде қажетті дайындық жұмыстарын жүргізіп, оқу бағдарламасын бейімдеу керектігін айтты.

Осыған сәйкес, Оқу-ағарту министрлігі оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімі, сондай-ақ, каникул уақыты жаңаша белгіленген жаңа бұйрықтың жобасын «Ашық НҚА» порталына жариялады. Жобаға сәйкес, орта білім беру ұйымдарында алдағы оқу жылы 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2024 жылдың 25 мамырына (қоса есептегенде) дейін жалғасатын болады. Бұйрық жобасы 11 қыркүйекке дейін қоғамдық талқыға ұсынылып отыр.



– Балалар соңғы қоңыраудың 25 мамырда соғылатынына, оқу жылы осы күні аяқталатынына үйренген. Биыл олар үшін оқу уақытының 1 аптаға созылғаны өзгеше құбылыс сияқты көрінді. Іштей қаламаса да, мамырдың соңына дейін оқыды. Ата-ана ретінде оқу 25 мамырда аяқталатынына қуанып жүрміз, – деді ата-ана Айгүл Бейсенова.

Жаңа оқу жылында мұғалімдер үшін

де жағымды жаңалықтар бар. Мәселен, педагогтерді аттестаттау жүйесіне біріктірері өзгерістер енгізіліп, жетілдірілуде.

– Ұлттық платформа негізіндегі аттестаттау процесі автоматтандырылды. Енді мұғалімнің қызметі туралы барлық ақпарат оның жеке кабинетінде жинақталады.

Педагогика және оқыту әдістемесі бойынша тестілеу алынып тасталды, – деді Оқу-ағарту министрі Гани Бейсенова. Жылдар бойы білім беріп, ұрпақ тәрбиелеген ұстаздардың да еңбегі еленеді. Министрлік білім саласында 30 және одан да көп жыл жұмыс өтілі бар мұғалімдерді «Еңбек ардагері» медалімен марапаттау жөнінде шешім қабылдады.

Сондай-ақ, жаңа оқу жылынан бастап

мектепке дейінгі білім беретін тәрбиешілердің еңбекақысы 30 пайызға өседі. Министрлік мәлімдеуінше, бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға кәсіби мамандарды тарту мақсатында жүзеге асырылған шара.

Бұдан бөлек, 1 қыркүйектен бастап бастауыш сыныптағы барлық оқушыға тегін ыстық тамақ беріледі. Облыста барлық бастауыш сынып оқушылары, сондай-ақ, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 11

мыңнан астам бала тегін тамақтанады. Осы оқу жылында орта білім мазмұнын одан әрі жетілдіруде маңызды істер атқарылады. Мәселен, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Балалар кітапханасы» жобасы қолға алынып, оның аясында мектеп кітапханаларының қорын отандық және әлемдік әдебиеттің үздік туындыларымен толықтыру жоспарлануда.

Сондай-ақ, жаңа оқу жылынан бастап

## • БІЗДІҢ СҰХБАТ

**Дидар ТӨРЕКЕЛДИНА:**

# Қоғамның ұстазға деген көзқарасы өзгерді

Қарағандыда ұлт рухын асқақтату жолында ұрпақ үшін аянбай еңбек етіп жүрген ұстаз бар. Оның баптаған шәкірттері республикалық жарыстарда бәйгенің алдын бермей келеді. Бұл педагог – №61 жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дидар Төркекелдина. Шәкірттері 30 республикалық байқаудан жүлде әкелген. Оқу-ағарту министрі Гани Бейсеновамен кездесіп қайтқан облыстың беткеуестар ұстазы Дидар Қарсыбекқызымен Білім күні қарсаңында сұхбаттасуды жөн көрдік.

– Оқу-ағарту министрі Гани Бейсеновамен сұхбаттан соң қандай әсермен оралдыңыз?

– 22 тамызда Оқу-ағарту министрі Гани Бектайұлының арнайы шақыруымен кездесуге барып келдім. Еліміздің бас педагогымен еңгіме барысында білім беру саласының маңызды мәселелері айтылды. Министр Гани Бектайұлының ұстанған азаматтық бағыты, көзқарасы, ұстазға деген құрметі мол, ұлтқа жанашыр, білімді, мықты педагог-психолог екенін мойындадым. Шыны керек, мектеп оқушылары арасындағы Қасым оқулары осы уақытқа дейін қалалық деңгейден аспайды. Кездесу барысында Қарағандыда оқушылар арасында республикалық Қасым оқуларын өткізу бастамасын көтердім. Мұны Оқу-ағарту министрі Гани Бейсеновамен қолдайтынын айтты. Сондай-ақ, министрлік тарапынан Қасым оқуларының қалалық кезеңінің бас жүлдесіне 300 мың теңге жүлде беретінін айтты. I орынға «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы 250 мың, II орынға берілетін жүлдені жергілікті жердің білім басқармасы ұйымдастыратынын айтты. Ақынның жерлесі Зульфия Қасымжанова – 150 мың, өз тарапынан 150 мың және ақын, ұстаз Қайрат Иманбек ынталандыру сыйлығын тігеді. Жан-жақтан ақынды арнайы өздері келмекші. Менің ойымша, қазақтың дауыспаз ақынын дәріптейтін Қасым оқулары жоғары деңгейде өтуі тиіс.

– Өзіңіз баптаған шәкірттер республикалық жарыстарда бәйгенің алдын бермей келеді. Қазіргі уақытта телефонға телміркен заман балаларын кітапқа баули білуіңіздің өзі үлкен

өнер. Мұның сыры неде? Ерекше педагогикалық әдіс-тәсіл қолданасыз ба?

– Бәйгені бермейтін жүйріктерді тәрбиелеу, оларды жетістікке жеткізу қажырлы еңбекті талап ететіні белгілі. Талант кез келген балада бар, бірақ ол – бір пайыз, 99 пайызы – еңбек. Мен өзім сабақ беретін мектепте мектепшілік Абай, Мұқағали, Мағжан, Қасым оқуларын өткіземін. Балаларды бір-бірімен жарыстырып, оларға ынталандыру сыйлықтарын да өз тарапынан беремін. Оқушылардың осыдан соң кітапқа, олеңге деген қызығушылығы оянады. Әрбір токсан сайын олар ақын-жазушылардың поэзиялық кешін өткізеді. Солардың арасынан талантты балалар көзге түседі. Мен қолданатын методика да қарапайым. Бала



Екіншісі – сенім. Тіпті, бір-біріне айтар сыры да болуы қажет. Яғни, жасы кіші демей, сыйласа

**Министрлік тарапынан Қасым оқуларының қалалық кезеңінің бас жүлдесіне 300 мың теңге жүлде беретінін айтты. I орынға «Өрлеу» біліктілікті арттыру орталығы 250 мың, II орынға берілетін жүлдені жергілікті жердің білім басқармасы ұйымдастыратынын айтты. Ақынның жерлесі Зульфия Қасымжанова – 150 мың, өз тарапынан 150 мың және ақын, ұстаз Қайрат Иманбек ынталандыру сыйлығын тігеді.**

тақтаға шыққан кезде сахнаға шыққандай сезінуді үйретемін. Осыдан соң оқушы өзін шындап, көпшілік алдында сөйлеуді, өзін еркін ұстау, өз ойын айтуды, жаттайтын олеңінің мазмұнын бойына сіңіруді, жүректен-жүрекке жететіндей етіп айтуды үйренеді.

– Ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынас қандай болуы керек?

– Ұстаз бен оқушының арасында сыйластық болуы керек.

да, сырласа білуі маңызды. Жарысқа дайындап жүрген баланы ата-анасымен жұмыс жасай білудің де салмағы басымдық. Ата-ана баланы үнемі қолдауы керек. Ата-ана қолдаса, ұстаз бен оқушы арасында жақсы қарым-қатынас орнайды деп ойлаймын. Балаға ылғи да өмірлік тәжірибемді айтамын. Өзіме жақын тартамын. Мектеп бітіріп кеткен түлектерім, оқушыларым өзімді екінші анасы сияқты

көреді. Олармен байланысым еш үзілген емес.

Жарысқа дайындайтын оқушыларым өз үйімде қона жатып дайындалады. Тіпті, олар үйдің бір мүшесі сияктанып кетеді. Ұлылардың мекеніне аяқ басып, байқауларға қатысып, жеңімпаз болған балаларға өз қалтамнан ақшалай сый беремін. Оқушыларым біліммен де табыс табуға болатынын осы кезден бастап үйретіп келемін. Мен тәрбиелеген шәкірттер жаны жайсаң, жүрегі таза болғанын, арасынан қоғамға қызмет ететін тұлғалар шыққанын қалаймын. Осыдан соң, ұстаздың қызметі – ұрпақпен мәңгі бірге жасайтын игі іс екені айқындалады.

– «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданғалы бері мемлекеттің ұстаздарға деген игілігін көрдіңіз бе?

– Аталған заң қабылданғалы бері игі істер көптеп жасалды. Мұғалімдерді қағазбастылықтан арылтты. Қоғамдық жұмыстарға тартудан босатылды. Айлық еңбекақылары өсті. Қоғамның ұстазға деген көзқарасы өзгерді, ұстаз беделі айқындалды. Әрбір мұғалім мемлекеттің қамқорлығын, игілігін көруі тиіс. Себебі, педагогтің ел үшін қызметі орасан.

– Артыңыздан ерген жас педагогтерге тәжірибесі көп маман ретінде берер кеңесіңіз.

– Тапжылмай еңбек етудің арқасында көп жетістікке жетуге болады. Ең бастысы, таңдаған мамандығыңды сүю керек. Кез келген мұғалімнің жетістігі – шәкірттің жетістігімен бағалы. Сондықтан, балаларға жылы көзқараспен, жылы жүректен қарайтын болсаң, қоғамның бір кірпіші болып қалуына әсер етсең, соның өзі – зор мәртебе.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан  
**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## • ГРАНТ

# Жергілікті органдар көмегі

Жергілікті атқарушы органдар есебінен білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі облыстық комиссияның жұмысы аяқталды деп мәлімдейді облыстық білім басқармасы.

**Жансая ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін біздің облыста ең көп талап етілетін білім беру бағдарламаларының 5 тобы бойынша барлығы 52 өтінім түскен. Конкурс қорытындысы бойынша 18 талапкер жергілікті атқарушы органдар есебінен білім грантына ие болды. Конкурсқа қатысу үшін құжаттар 9-16 тамыз аралығында қабылданған болатын.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім грантын жеңіп алған түлектердің тізімі облыстың білім басқармасының ресми желілерінде жарияланды. Жергілікті атқарушы органдардың гранты қала немесе облыс бойынша қажетті мамандықтарға деген тапшылықты жою мақсатында бөлінеді. Бұл жерде де ай сайын шәкірті алып, оқу бітіргеннен кейін мамандық бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар.

## • ТӘРБИЕ

# Құтқарушылар мен полицейлер сабақ береді

Биылдан бастап мектептегі тәрбие жұмысының рөлін күшейтуге көп көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, мектептегі оқу бағдарламасына Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктерінің оқу дәрістері енгізіледі. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Гани Бейсенова мәлімдеді.

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биылдан бастап тәрбие жұмысының рөлін күшейтуге көп көңіл бөліп жатырмыз. Бұл жұмысты атқаруда «Ата-ана-Мектеп-Бала» қағидаты өте маңызды. Осыған байланысты жаңа оқу жылынан бастап, барлық білім беру ұйымында Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (Ата-аналар академиясы) жұмысын бастайды, – деді министр.

Одан бөлек, мектептердегі тәрбие бағдарламасы аясында күштік құрылым қыз-

меткерлері өз тәжірибесімен бөліседі.

– Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыру мақсатында – жаңа оқу жылынан бастап, 2023-2025 жылдарға арналған Біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырыла бастайды. Осының негізінде, биыл алғаш рет мектептегі тәрбие бағдарламасына Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктерінің оқу дәрістері енгізіледі, – деді Гани Бейсенова.



• БҰҚАР ЖЫРАУ ҚАЛҚАМАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 355 ЖЫЛ

# Бұқардың бір толғауы хақында

Жалпы біз ұлттық рухани құндылықтар туралы ой-пікірімізді ортаға салғанда көпшілігіміз көзге көрініп тұрған, айқын белгілері туралы айтамыз да, жасырын жатқан астарлы мағынасына кейде назар аударма бермейміз. Нәтижесінде шығарманың түбірі толық танылмай, талай тылсым дүниелер жұмбағының жауабы жабулы күйінде қалады. Әрине, туындының тұлғасына, құрылысына, оқиғасына, идеясына, көркемдігіне, тіліне талдау жүргізу қажет-ақ. Дегенмен, олар рухани мұраның, адамның жан-дүниесіне қаншалықты денгейде ықпал жасайтындығын толық айқындай алмайды. Осы орайда айта кететін бір мәселе, күні бүгінге дейін акын-жыраулардың басым бөлігі сауатсыз болған деген ұғымның санаға орнығып қалуы. Яғни, жаза білмеген адам – сауатсыз. Ақиқатында олай емес. Адамның сауаттылығы дүниетанымына байланысты айқындалу керек. Мәселен, Қарқаралы өңірінде өмір сүрген Зейнеп ақынның екі жаста шешектен көзі кеткен, хат танымаған.

Ал, мына өлең жолдарына назар аударайықшы:

Жігіттер, өнер ізде тұрма жайға,  
Қаратпас ер талабы, жарлы, байға.  
Әр түрлі мақсаты бар бұл дүниенің,  
Хабарсыз қапы қалма келсе ыңғайға.

Осындай мағынасы маңызды өлең туғызған жиырма жастағы ақынды сауатсыз деуге бола ма? Олай болса, қазақтың би-шешендері мен акын-жыраулары, жалпы өнер адамдары өте жоғары деңгейде сауатты болған дей келіп, олардың мұраларына терең танымның түсінігінен қараған жөн демекпіз.

Ұлы жырау Бұқар Қалқаманұлының ел ішіне кеңінен тараған:

«Бірінші тілек тіленіз,

Бір Аллаға жазбасқа», – деп басталатын толғауы бар. Толғау шариғат шарттарымен сабақтастырыла отырып, шығарылған дегенді нұсқап тұр. Енді, осы екі жолға ой жүгіртейік. Алғашқы жолдың тірек сөзі – тілек. Олай болса, толғау жыраудың халқына арнаған өсиеті екен. Қандай тілек болмасын, ол ниеттен туындайды. Ал, ниеттің он-терісі пигыла байланысты. Пигылаң түзу болса, ниеттің он. Пигыл құбылмалы, ішкі және сыртқы әсерлердің нәтижесінде өзгеріп отырады. Оны орнықтырудың тәсілі екінші жолда берілген. Яғни, Алланы естен шығармау керек, исламдағы нұсқаған жолды ұстансаң, пигыл-ниеттің орнықты болады. Екіншіден, «Бір Алла» тіркесінің қолданылу аясында да мән бар. Бір сөзі Жаратушының жалғыздығын айқындап тұр. Негізінде дәстүрлі діндердің түбірі Жаратушының бар екендігін мақұлдаумен танылады. Исламға тән ерекшелік жалғыз деген ұғымда жатыр. Жырау Бір Алла деп дін исламды нұсқап тұр. Үшіншіден, «Ықылас» сүресінде Алланың – Біреу, еш нәрсеге мұқтаж емес, әуелі, ақыры жоқ мәңгі екендігі айтылады. Ал, бір санының сипатын ашсақ:

Бір – бар  
Бір – барлық сандарды жасаушы  
Бір – өзге сандар бірге тәуелді (өйткені, бір болмаса, өзге сан да болмайды)  
Бір – басталуы мен аяқталуы жоқ (бес деген бірден басталып, беспен аяқталады) болып шығады. Яғни, бардың бастауы – Бір. Үндестік бар ма? Әрине, бар. Олай болса, Бір Алла тіркесінің қолданылу аясы да орындай.

Келесі иірім:  
«Екінші тілек тіленіз,  
Бір шұғыл пасық залымның,  
Тіліне еріп азбасқа».

Екінші қайырмаңың тірек сөзі – залым. Және жай залым емес, бір шұғыл пасық залым. Әрине, адам баласы қай жағынан алып қараса да, жағымды тұрғыда бола бермейді. Сондықтан, жырау осындай адамдардан сақтаныңдар дегені шығар деп топшылауға да болады. Бірақ, жалпы



толғау шариғат негіздерін басшылыққа алып тұрғандықтан, мағынасына тереңірек үңілсек, басқа жайды аңғарамыз. Залым қалай суреттеліп тұр? Алдымен, ол біреу, екіншіден шұғыл, яғни оқыстан пайда болады немесе келеді, үшіншіден, пасық, яғни барлық жаманшылықты бойына жинақтаған, төртіншіден, залым, яғни жаманшылықты жүзеге асыру үшін барлық әрекеттерге барады. Әрине, ол адам емес. Ендеше кім? Ол – Ібіліс (шайтан). Жырау шайтанның азғыруынан сақтаныңдар дегенді айтып отыр.

Келесі иірім:  
«Үшінші тілек тіленіз,  
Үшкіліз көйлек кимеске».

Мұндағы тірек сөз – көйлек. Ал, көйлектің қандай қатысы бар? Сонымен қатар, ол көйлекті үшкіліз киюге болмайды екен. Үшкіл дегеніміз не?

Қазақ халқында төрткіл дүние деген қолданыс бар. Осы тіркестің екінші нұсқасы – дүниенің төрт бұрышы. Яғни, төрткіл деген – төрт бұрыш деген мағынаны білдіреді екен, тең қабырғалы төрт бұрыш болып шығады. Осы негізден туындайтын пікір үшкіл дегеніміз тең қабырғалы үшбұрыш екен. Түсіндірме сөздіктерде де осылай көрсетілген. Ендігі мәселе, көйлек пен үшбұрыштың ара қатынасы. Көйлек бұл жолда ауыспалы мағынада қолданылып тұр. Өйтпесе, ұлы жыраудың Жаратушының бірлігін дәріптеп, шайтанның азғыруынан сақтандыра келіп, көйлекті сөз етуі қисынға келмейді. Егер әйел затына арнайы айтылған десек (етек-жеңі қысқа көйлек кимеу), үшкіліз сөзі оқшауланып қажет болмай қалады. Біздің ойымызша көйлектің шешімі – дәулет, байлық. Енді үшкіліз сөзінің мәнін ашып көрейік. Ғылым саласында жан-жақты зерттеле қоймаған дыбыстардың сандық мағынасы тұрғысынан келсек, үш саны-

ның дыбыстық мәні – Ж. кирилшедегі осы дыбыстың таңбалануы үш таяқшаны (Ж) біріктіруден жасалғаны сандық негізінен алынған. Ал, әбжад есебі сақталған араб әліпбиніндегі таңбалануы сүңгірп қайық тәрізді, астында бір ноқаты болады. Яғни үздіксіз жылжулы, қозғалысты білдіреді. Жаратылыста үш саны – дамудың белгісі. Бір – Жаратушы, екі – жаратылыс, үш – даму. Мәселен, ата-ана, бала. Бала дамудың көрінісі. Бұл – заңдылық. Енді тең қабырғалы үшбұрыштың әр бұрышы 45 тең болады. 45 санын өзара қоссаңыз (4+5=9) тоғыз шығады. Ол тоғыз ай, тоғыз күнді өткізіп, оныншы күні өмірге келетін адамның жаратылу мерзімі. (Каплан. Акушерство. Москва: МЛ, 1974. – с.260). Әлемге тараған адам атауы араб сөзі болғандықтан таңбаласақ әлиф, дәл, мим дыбыстарымен жазылады. Сандық мәндері: А – 1, Д – 4, М – 40. Өзара қоссақ, (1+4+40) 45 саны шығады. (Абайдың 45 кара сөзі осы негізде жазылған). Үшкілдің әр бұрышы 45-тен екен де, олар: ата-ана – бала дегенді аңғартады. Сонда жолдың мәні «Дәулетті болсаң, манайыңды жарылға, Қарабай тәрізді қайырысыз болма» дегенді нұсқап тұр. Мәнісі: зекет, садақа, қайырымдылық.

Келесі иірім:  
«Төртінші тілек тіленіз,  
Төрте төсек тартып жатпасақ».

Мұндағы тірек сөз – төсек тарту. Қазақта «Әуелгі байлық – денсаулық» деген мақал бар. Осы нақылды басшылыққа алар болсақ, жырау төртінші тілекті ауыру-сырқауға арнаған екен деуге болады. Бірақ, біздің ойымызша, жолдың жұмбағы басқа жағдайды мерзеп тұрған сияқты. Өйткені, толғаудың төртінші шариғат шарттарына негізделсе, одан ауытқуы, ауысуы қисынға келмейді. Ендеше, төсек тарту ескертпесі таң намазын қаза қылмауды нұсқап тұр деген жөн тәрізді. Таң намазы – әр күнгі бес уақыт намаздың алғашқы бастауы. Міне, осы ойдың жалғасын:

Бесінші тілек тіленіз,  
Бес уақытты бес намаз,  
Біреуі қаза қалмасақ, – деген жолдармен жалғасады. Бұл қайырмаңың мәні де, маңызы да айқын көрініп тұр, талдап, талқалауға салуды қажет етпейді. Яғни, толғаудың орта шеніне келген тұста, жырау тағы да негізгі өзектің шариғат жолын аңдататындығын еске салып тұр. Әрі қарай назар салсақ:  
«Алтыншы тілек тіленіз,  
Алпыс басты ақ орда,  
Ардақталған ауялуы,  
Күнінде біреуге тегіннен,  
Тегін олжа болмасақ».

Ірірімнің тірек жолы – алпыс басты ақ орда. Жыраудың айтуынша, ол – әрі ардақты, әрі ауялуы. Сондықтан, оның өзгеге қолды болмауын тілеу керек. Қазақта «Ал-

пысқа келгеннен ақыл сұра» деген нақыл бар. Алпыс – ақылдың адамзат үшін ең жоғарғы нүктесіне жететін кезеңі. Он жаста – бала ақыл, он бесте – шала ақыл, жиырмада – жыңды ақыл, отызда – мінді ақыл, қырықта – құнды ақыл, елуде – сынды ақыл, алпыста – шынды ақыл. Алпысқа келгендегі ақылың – әрі ардақтың, әрі ауялуың, сондықтан ол – ақ орда. Сол ақылды өз еліңнің өсіп-өркендеуіне жұмса, өзгеге тегін олжа болуынан сақтан дегенді аңғартып тұр.

Келесі иірім:  
«Жетінші тілек тіленіз,  
Желкілдеген ту келіп,  
Жер қайысқан қол келіп,  
Сонан сасып тұрмасақ».

Танымалы тұлға М.Көпеев өзінің «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде «Жазуды білген жаңылшақ», «Оқуды білген ұмытшақ» деп қазақ оқу мен жазуға назар аудармаған дегенді айтады. Оның себебі, қазақ халқы бала тәрбиесіне айрықша мән беріп, «Болар бала басынан» деген принципті ұстанған. Бес, алты жасқа келген шағында бейімділігіне қарап, өлең шығара бастаса, ақынның, тілі шебер болса, шешеннің қасына қосып, айлап атқосшы ретінде жіберетін болған. Нәтижесінде ақыны да, батыры да, көсемі де, шешені де, білімдісі де өте-мөте жоғары деңгейде көрініп, көзге түскен. Жыраудың жетінші тілегі осы дәстүрлі жоғалтпай, дамыту керектігін нұсқап тұр. Себебі, батырлыққа бейім баланы, ақындық жолға салсаңыз, онан не тәуір батыр, не жөні түзу ақын шықпайды. Бойындағы бейімділік тоқырайды, жүрегі қаламаған әрекет жұтайды.

Келесі иірім:  
«Сегізінші тілек тіленіз,  
Сегіз қиыр шартарап,  
Жер тұлданып тұрмасақ».

Мұнда екпін екінші жолға түсіп тұр. Шартарап жан-жақтан, қиыр шеткі деген мағыналарды береді. Ал, сегіз саны қазақ елін айнала орналасқан мемлекеттерді көрсетіп тұр. Атап айтқанда, Ресей, Шың (Қытай), Моңғол, Қырғыз, Өзбек, Түрікмен, Тәжік және Қалмақ. Сегізінші тілектің мәні көршілермен тату-тәтті бол, жауласпа, ренжіспе, жауласаң жер тұлданады, яғни қазақ жері қайғы жамылады дегенді аңдатып тұр. Жырау көршімен тату болуды үндейді. Мұндай қағида дінде де бар. Имам Бұхар мен имам Мүсілім арқылы жеткен хадисте пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Жәбірейіл ғ.с. маған көршіге жақсылық істеуді өсиет еткені соншалық, мен, тіпті, көрші де мирасқорлар қатарына қосылсаң-ау деген ойда болдым» деген екен.

«Тоғызыншы тілек тіленіз,  
Төрөңіз тақтан таймасақ,  
Токсандық қарт бабаң,  
Топқа жаяу бармасақ».

Екпін екінші жолға түсіп тұр. Жолдағы төре сөзі ел билеушіні айтып тұрған жоқ. Жыраудың ойы тереңде жатыр. Қазақта ауызекі сөйлеу тілінде жиі айтылатын қолданыс бар. Ол «Өншінің төресі пәленше» немесе «Ақынның төресі туленше» деген тіркестер. Яғни, төре сөзі әр нәрсенің бінін көрсету үшін де пайдаланылған. Ал, жалпыға ортақ төре – тоқтық. Рухани қазынақ болса – жаның тоқ, бірлігің болса – көңілің тоқ, дәулетің болса – қарының тоқ. Яғни, тоқтық жоқтықтың елден тыс

болуы. Тоғызыншы тілектің тоқтыққа тірелуі тоғыз санына байланысты. Тоғыз бір таңбалы сандардың түйіні немесе ақыл иесі адамның жаратылу мерзімі (тоғыз ай, тоғыз күн, оныншы күні өмірге келу керек). Жаратылыстың тоқтығы – адамның жаратылуы. Ал, дәстүрден, дәулеттен, тілден, ұлттық тіректен айрылсаң тоқсандығы қария топқа жаяу бармасақ шамасы қалмайды.

«Онныншы тілек тіленіз,  
Он ай сені көтерген,  
Омыртқасы үзілген,  
Аязды күнде айналған,  
Бұлтты күнде толғанған,  
Тар құрсағын кеңейткен,  
Тас емшегін жібіткен,  
Анаң бір аңырап қалмасақ».

Қайырмаңың түйіні соңғы жолға түсіп тұр. Мән, мағына ашық, айқын. Имам Бұхари жеткізген хадисте Әбу Қасым (р.а.): «Мен пайғамбардан (с.ғ.с.): «Я, Расуллал, жақсылықты алдымен кімге істеймін?» – деп сұрағанымда, Ол (с.ғ.с.): «Анаң!» – деді. – Одан кейін ше? – Анаң! – Ал, одан кейін ше? – Анаң! – Ал, одан кейін ше? – Әкеңе. Әкеңнен кейін жақындық дәрежесіне қарай туыскандарыңа». Міне, бұл исламдағы анық құрметтелуін көрсетеді. Осы қайырмадағы тағы бір мәселе он ай тіркесі. Негізінде, ай он төрт күн толады, он төрт күн солады, барлығы 28 күн. Екі күн көрінбейді, оны өліара деп айтады, сонымен отыз күн. Жырау 28 күндік көріну мерзімін алып отыр. Яғни, он ай деп отырғаны 280 күн. Күнгіз-белік есеппен алсақ 9 ай, 10 күнінде (9x30=270+10=280) 280 күнді шығарады.

Соңғы қайырма:  
«Он бірінші тілек тіленіз,  
Омырауы жұпарлы,  
Иісі жұпар аңқыған,  
Дауысы қудай саңқыған,  
Назыменен күлдірген,  
Құлқыменен сүйдірген,  
Ардақтап жүрген бикешің,  
Жылай да жесір қалмасақ».

Бұл – бейбітшіліктің жырмен көрсетілген шеруі. Адамзат үшін басты қағида – бейбіт өмір. «Аман ердің аты шығар». Амандық бейбітшіліктен туындайды. Қайырма – толғаудың түйіні. Ислам діні де бейбітшілікті дәріптейтін дін. Амандасу рәсіміндегі «Әссәләмуғәлейкум!» деген сөздің мағынасы «Сізге бейбітшілік, тиыштық болсын» дегенді білдіреді. Жыраудың да тұжырым тілегі осы.

- Сонымен:
1. Ислам – хақ дін. Сол арқылы Жаратушыңды таны.
  2. Шайтанның азғыруына еріп, азғынданудан сақтан.
  3. Алланың берген адал жолымен өркендеуіңді дамыт.
  4. Сеніңнің қақпасы – иман, тірегі – намаз. Намаздың бастауы – таң.
  5. Сеніңнің шыны – намазды қаза қылмау.
  6. Алланың берген ақылың елің үшін адал жолға жұмса.
  7. Үрпақ тәрбиесі – үлкеннің міндеті.
  8. Көршімен тату бол.
  9. Тоқ болсаң, уайым жоқ болады.
  10. Ата-ананың баласына жасаған дұғасы қабыл болады.
  11. Өмірдің тірегі – бейбітшілік.

**М.ӘБДУОВ,**  
филология ғылымдарының докторы,  
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің профессоры

• ТАҒЫМ

# «Ер есімі ел есінде»

Шет ауданы Үнірек ауылында Арканың атақты батыры Сазанбай батырға арналып ас берілді. Ас Сазанбай батырдың ескерткішінің ашылу рәсімінен басталды. Мұздай қаруланған батырдың өр бейнесіне жұрт таңырқай-тамсана қарады. Ас төңірегінде бәйге, қазақша күрес секілді ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті.

**ЖАН АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Асқа жиналған ағайын қарасы қалың болды. Батырдың ұрпақтары және ас қонақтары ұйымдастырушыларға шексіз ризашылығын білдірді. Ал, ғылыми-практикалық конференцияда академик Серік Негимов бастаған профессор, доцент ғалымдар Сазанбай батырдың дәуірі жайлы сөз қозғап, батырдың түр-тұлғасын, мінезі мен жау жүректігін сан-қырынан танытты. «Ер есімі ел есінде» қалатыны айғақ. Батырдың жасаған ерліктері мен ел аузындағы аңыз-әпсаналар жаңғырды.

Даңқы шыққан батырды Абылай ханның жүзбасы әрі ту ұстаушы сенімді серігінің бірі болған деседі. Ескерткіште айқын көрсетілген астындағы талмас қанаты – «Көкжайдақ» аты. Аттың тұрпатынан-ақ үстіндегі батыр рухын тануға болады. Жазушы Несіпбек

Айтұлы «Көкжайдақ» поэмасында батыр мен аттын бейнесін айнытпай суреттейді.

Үніректің аумағында орналасқан «Керегежайған» шоқысының басына орнатылған бес метрлік бұл ескерткіш таза граниттен кұйылған екен. Салмағы – бір тонна, 200 келі. Алыстан көрермен көзін тарту мақсатында жай аттылы адамның бейнесінен екі есеге үлкен етіп жасалған. Ескерткіште «Көкжайдақ» аттың үстінде батыр сүңгісін жерге түйреп, сүйеніп тұр. Бұл бейне оның қолбасшы екенін танытса, екінші жағын алып қарасақ, отырған отырысы оның тек қорғанысты көкसेген, бейбітшілікті қалайтын адам екенін айқындайды. Шоқыға шығып, батыр ескерткішіне жақындау үшін екі жағына арнайы сүйемесі бар баспалдақтар орнатылған.

Ескерткішті тұрған жері тура Жезказған-Алматы тас жолының бойы. Келешекте батыр рухына



тағзым ете келген келушілер бұл жерді туристік мекенге айналдыруы бек мүмкін.

Жағалай тігілген ақшаңқан киіз үйлерде аста-төк ас беріліп, келген қонақтарға құрмет көрсетілді. Ас өте жоғары деңгейде

ұйымдастырылды. Бұны шара қонақтары да ризашылықпен жеткізді. Осы сауапты істің басында жүрген Сәулебек Жәмкеновке де

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

# Режиссерсіз, басшысыз жаңа маусым

Қарағандыдағы Константин Станиславский атындағы театр жаңа маусымды бастайды. Бұл жолғы өнер сапарына басшысыз шығады. Ұжымды басқарған Дунай Еспаев өз қызметінен 1 шілдеде кеткен. Мұны облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов мәлімдеді.

**ЕРІК НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы маусымның шымылдығы тоғызыншы қыркүйекте «Ромео мен Джульетта» спектаклімен ашылады. Маусымшарға белгілі режиссер Константин Мишин келмек. Арнайы қонақ бұрындары қарағандылық актерлерге шеберлік сыныптарынан өткізген.

Қазір театр ұжымы премьерға дайындалып жатыр. Осы маусым бас режиссерсіз, директорсыз басталады.

– Иә, бұл шынымен де солай. Дунай Еспаев бірінші шілдеден бастап, театр директоры қызметінен кетті. Ол мұнда бас режиссердің міндеттерін де орындады. Әрине, жағдай ұжымға әсер етпеді. Сонымен қатар, қазір театрда қы-



зметтік тексерулер жүріп жатыр. Олардың қорытындысы бойынша біз міндетті түрде ұжыммен кездесеміз, бәрін талқылаймыз. Біз маусымды директорсыз ашамыз. Бірақ, құзыретті басшылар мен режиссерлерді тиісті бос орындарға шақыру бойынша келіссөздер жүргіземіз. Сондықтан, жақын арада бұл мәселені шешеміз деп үміттенемін, – деді Еркебұлан Жұмакенов.

• АРДАГЕРЛЕР – АРАМЫЗДА

# Мұғалім мерейі

«Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озық қызметкері», Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгі несі, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы. Міне, осы атақ-марапат дәл бүгін 70 жасқа толып отырған менің математик мұғалімім Серік Балпановтың білім беру саласында 40 жылдан аса төр төккен еңбегіне берілген әділ баға.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



ты бес жасынан басталған» дейді.

Келесі 1974 жылы оқу бітіріп, туған ауылына оралған дипломды жас мамандар алғаш еңбек жолын бастайды. Секең бір кезде өзі оқыған Үміткер орта мектебіне

пәні бойынша мұғалімдікке қабылданып, Салтанат апайымыз кеңшардың бухгалтері, кейіннен ол тарағанда бас бухгалтері болып істейді.

Серік ағамыз мектебімізге ұстаз болып келгенде мен сегізінші сыныпта оқитынмын. Оның әр сабағы әсерлі де мазмұнды өтетін. Бізге небір қиын есептерді шығарудың жолдары мен тәсілдерін меңгертіп, әр тақырыпты миымызға құйып беруші еді. Сөзге шешен бесаспап жігіт аз уақыттың ішінде мектеп өмірін жандандырып, тәрбиелік мәні бар көптеген мәдени-спорттық шаралардың ұйымдастырушысы әрі ұйытқысы болды. Ауылда өтетін ас пен той, кез келген жиын Серік ағамыздың басқаруына өтпейтін. Оқушылардың өзі оған қарап бой түзеп, үлгі тұтатын. Осы қабілетімен көзге түскен ол көп ұзамай мектеп оқу ісінің меңгерушісі болып, 1990 жылы кеңшардың партком хатшылығына тағайындалады. Бірақ арада бір жыл өтпей компартия да тарап тынып, бұрынғы қызметіне қайта оралуға тура келді. Сөйтсе де, осы бір жылдың ішінде кеңшар құрылуының 60 жылдық тойын, ал 1993 жылы жерлес ғалым, қазақтың тұңғыш агрономы Қылыш Бабаевтың туғанына 80 жыл толу салтанатының дүркіреп өтуінің басы-қасында өзі жүрген.

Секең мұнымен тоқтамай, 1999 жылы аудан орталығы Ботақара кентінен көшіп барып, сондағы қазақ орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, 2001 жылдан 2015 жылға дейін директоры болып, оны аудан, облыста алдыңғы қатарлы етіп, зейнет демалысына шықты.

Бойына бірнеше өнер тоғысқан ұстазымыз белсенді әрекетінен бір танбай, 2018 жылы аудан құрылуының 80 жылдық тойында Бұқар баба рөлін сомдап, қалың елді тәнті қылғаны бар. Оны айтасыз, Салтанат апайымызбен вальсті билеген кезде әлі күнге замандастары ғана емес, кейінгі жастар да сүйсіне қол соғады.

Менің математика мұғалімім – тынымсыз ізденістің адамы. Ол сан жылғы педагогикалық тәжірибесі негізінде әріптестері Баян Көкенов пен Тілеуғалы Әміртаевпен бірлескен түрде физика пәнінен есептерді шығарудың жолдары мен үлгілері туралы үш бірдей кітап (2007, 2013, 2018 ж.ж.) шығарған. Бұған қоса аудандық, облыстық газеттерде қаншама танымдық, тәрбиелік мақалалары жарық көрген.

Мерейлі жасқа келіп, Салтанат апайымызбен «Алтын тойын» тойлап жатқан Серік ағамыз ұлағатты ұл мен қылықты қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ата-ана. Балаларының бесеуі де жоғары білімді мамандар. Мейірханы мен Рамазаны кәсіпкерлікпен айналыса, химия ғылымдарының кандидаты Дарханы Қарағанды ауылшаруашылық станциясының директоры, Қаныш Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінде қызмет істесе, жалғыз қызы Мақпал – Экология министрлігінде департамент бастығы. Енді екеуі осы құлындарынан көрген 13 немересіне тоймай отырған асыл ата мен же.

Бұқар жырау ауданы

• ӨЗЕКТІ

# Тоғыз ауыл жарықсыз қалған

Жасыратыны жоқ, еліміздегі электр желілерінің тозығы жетіп тұр. Жел «үш» етсе болды, ауыл жұрты жарықсыз қалады. Күні кеше Шет ауданы, Қошқарбай ауылындағы трансформатор өртенді.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



27 тамыз күні сағат 00.23-те Қошқарбай ауылының Бұғылы көшесіндегі трансформаторлық май және оның өзге де жанғыш бөлшектері өртенген. 25 шаршы метр аумақ отқа оранған. Мұның салдары Қошқарбай, Ақсу, Шопа, Қызылқой, Аққиақ, Талды, Берекетті, Жаңақұрт және Деріпсал ауылына тиіп отыр. Тоғыз ауыл электр қуатынсыз қалған. Өрт сағат 02.48-де сөндірілген. Қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ.

Бүгінгі уақытта «Жезқазған электр желісін тарату компаниясы» АҚ тарапынан өртенген трансформаторға келетін тоқты көрші трансформаторға қайта қосу жүргізілді. Барлық 9 ауылға жарық қайта берілді.

Кезек күттірмейтін мәселе – аудан, ауылдағы электр жабдықтары жаңарту. Қай ауылдағы ағайынның да айтар базынасы – осы.

Шет ауданы

• ҚЫЛМЫС

# Ұрланған көлік Алматыдан табылды

Қарағанды қаласында ұрланған көлік Алматы облысынан шыққан. 42 жастағы Майкұдық тұрғыны Hyundai Sonata маркалы автокөлігінің ұрланғаны туралы 16 тамызда арызданған. Белгісіз біреулер көлікті несі жұмыс істейтін зауыт тұрағынан ұрлап кетіпті. Келтірілген шығын 11 миллион теңгеге бағаланды.

Жансаия ОМАРБЕК,  
«Ortalyq Qazaqstan»



баға беретін болады. Сонымен бірге, полицейлер аталған тұлғалардың басқа да осындай қылмыстарға қатыстылығын тексеруде.

• ТАҒДЫР

# Уланған бала бақилық болды

Естеріңізде шығар, 1 тамыз күні Қарағанды облысының балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында балалардың улану фактісі тіркелген-тін. Өкінішке орай, кеше жансақтау бөлімінде жатқан бір бала көз жұмды.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Оқиға орын алған күні мүмкіндігі шектеулі бір бала қайтыс болып, алтауы жансақтау бөліміне түскен. Кеше жансақтау бөліміндегі бір бала қайтыс болды.

– Дәрігерлер бар күш-жігерін жұмсады. Алайда, бір науқасты құтқару мүмкін болмады. Қаладағы балалар ауруханасында 2012 жылы туған бала қайтыс болды. Бастапқыда баланың жағдайы өте ауыр болды. Терапия тактикасы республикалық мамандармен үнемі талқыланып отырды. Өлімнің себебі жүрек қантұямыр жетіспеушілігі, – деп хабарлады денсаулық сақтау басқармасы.

Тағы бес бала жансақтау бөлімінде жатыр. Олардың жағдайы – тұрақты ауыр. Уланудың себебі әлі анықталған жоқ. Дегенмен, Денсаулық сақтау министрлігі зардап шеккен балалардың жағдайына

мониторинг жүргізуді және медициналық көмек көрсетуді жалғастыруда. Алдын ала эпидемиологиялық тексеру, зертханалық зерттеу нәтижелері аурудың таралу сипаты тамақтан уланудан болмағанын, сондай-ақ инфекциялық аурудың жоктығын көрсетті. Дәрігер мамандар токсикалық заттан қатты улану деп пайымдаған еді. Қазір сот-медициналық сараптама жүріп жатыр. Балалардың жағдайы министрліктің ерекше бақылауында.

• БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЫ

# Сарбазға жұрт риза

Қарағандының көпқабатты пәтерлерінің бірінде болған өрттен Қарағанды өңірлік гарнизоны әскери полиция басқармасының үш қызметкері бес жастағы баланы аман алып қалды. Әскерилердің бұл әрекеті әлеуметтік желідегі жарияланымдардан белгілі болды.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

жатқанын байқайды. Оқиға орнында ер адамдар болмай, шарасыз әйелдер ғана шырылдап жүрген көрінеді.

– Даладан үстіндегі киімі күйіп қалған алты-жеті жас шамасындағы баланы көрдік. Ол әбден қорқып қалған. Інісінің жанып жатқан үйде екенін айт-

ты. Әріптестерімнен мені сыртта күтуін өтініп, өзім терезеден пәтерге кірдім. Қатты түтіннен көзім жасаурап кетті. Ауа жұту үшін терезеге бірнеше рет жақындауыма тура келді, суға малынған орамал мен шам алып қайта кірдім. Үшінші рет қана төр бөлмеде мысығын құшақтап, қорқып отырған баланы көзім шалды, – дейді Жандос Айтқали.

Әскерилер бірігіп, баланы мысығымен қоса пәтердің терезесінен сыртқа шығарған. Қазіргі таңда Төтенше жағдайлар министрлігіне әскери қызметшілерді марапаттау үшін ведомстволық награда табыстау туралы ұсыныс жіберілді.



• ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# Бес түлекке грант

«Коунрад» корпоративтік қоры балқаштық бес мектеп түлегіне Қарағанды медицина университетінде білім алуы үшін грант табыстады. Бұған 12 үміткер қатысып, құжаттарын арнайы комиссия сараптады. Қабылдау комиссиясының іріктеуі 1 тамыздан 15 тамыз аралығында өтті.



Нұрдос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Central Asia Metals компаниялар тобының» тұрақты даму жөніндегі бас директоры және «Коунрад» корпоративтік қорының президенті Ник Ширлидің айтуынша, бұл бастаманы Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы, Балқаш қалалық денсаулық сақтау бөлімі көтерген.

Енді жаңа оқу жылынан бастап,

балқаштық Диана Жазықбаева, Арида Нұрғалиева, Торғын Нұржанқызы, Ләйла Сиязбекова, Элина Медведева «Коунрад» корпоративтік қоры білім грантының иегерлері ретінде Қарағанды медицина университетінде білім алады.

Айта кетейік, «Коунрад» корпоративтік қоры өткен жылы бес студентке білім грантын тапсырған болатын. Олар биыл бірінші курсты тәмамдады.

БАЛҚАШ

● ТАНЫМ  
Ел тарихы  
экранда

«SARYARQA» телеарнасында Ақтоғай ауданының 95 жылдық мерейтойына орай өлкетанушы Тұңғышбай Мұқанның авторлығымен Медеу Әбешардың режиссерлігімен түсірілген үш бөлімнен тұратын «Ақтоғай тарихтың тас сандығы» атты танымдық деректі фильм көрсетіледі. Бұл туралы фильм авторы Тұңғышбай Мұқан мәлімдеді.



Нурдос КӘПІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Өңір шежіресін таспалап, жұртқа жеткізіп, Ақтоғайдың тарихын тарқатып, тағылымға толы дүниені ұсынып отырмыз. Деректі фильм көгілдір экран арқылы көпшіліктің көңіл төрінен орын алады деп ойлаймын. Фильмді көрсетуге келісім білдірген «SARYARQA» телеарнасына, қолдау танытқан Ақтоғай ауданы әкімдігінің өкілдеріне алғысым шексіз, – деді Тұңғышбай Мұқан.

Айта кетейік, «Ақтоғай тарихтың тас сандығы» атты танымдық деректі фильмінің бірінші бөлімі қыркүйек айының 2-сі күні, екінші бөлімі 9 күні, үшінші бөлімі 16 күні күндізгі сағат 10.00-де «SARYARQA» телеарнасында көрермен назарына ұсынылады. Ақтоғай ауданы

● САЙЫС  
Мергендер бақ сынасты

Қарағандыда жауынгерлік қарудан оқ атудан Қазақстан чемпионаты өтті. Ату жарысы екі бөлімнен тұрды. Бұл – мылтықтан және тапаншадан қозғалмайтын нысанаға бірнеше рет атудағы дәлдік сынағы.



Чемпионатқа Қазақстанның түпкір-түпкірінен Ұлттық ұланның, «Оңтүстік», «Орталық», «Батыс», «Шығыс» өңірлік қолбасшылықтарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұлан академиясының және 5573 және 6654 әскери бөлімдерінің 35 әскери қызметшісі қатысты. Бұған дейін сарбаздардың әрқайсысы әскери бөлімдер мен өңірлік қолбасшылықтарда іріктелген болатын.

Шараны салтанатты түрде ашу мәртебесі «Орталық» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының міндетін уақытша атқарушы генерал-майор Нұрбол Миртаева берілді.

– «Бұқаралық спортты дамыту – пирамидаға айналуы қажет. Оның басына

чемпиондар шықса, оның негізінде біз сау әрі саналы ұрпақты қалыптастырамыз» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен, жауынгерлік қарудан ату бойынша Ұлттық ұланның жеке-командалық чемпионаты өтті. Бауыржан Момышұлы атамыз «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті» деген еді. Біздің қос батырымыздың ерлігі, өнегелі өмірі – жастарға бағыт-бағдар берер темірқазық екеніне мен кәміл сенемін, – деді ол.

Сондай-ақ, чемпионаттың ашылуына марқұм жауынгерлердің ата-аналары қатысты. Олар жары қатысушыларына сәттілік тілеп, Ұлттық ұланның әскери қызметшілеріне өз батырларын ұмытпаған

халқына алғыс білдірді. Бұдан соң әскери қызметшілер және чемпионатқа қатысушылар, қонақтар Ұлттық ұланның батырлары марқұм Мадияр Қайсаров пен Айбат Амановты гүл шоқтарымен және бір минут үнсіздікпен еске алды.

Одан әрі әскери қызметшілер мен чемпионатқа қатысушылар салтанатты шерумен өтті.

Оқ ату – олимпиадалық және әскери қолданбалы спорт түрі. Шынында да, оқ ату сабақтарында мақсат, табандылық, шыдамдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттер дамиды.

Ерлер қатарындағы біріншілікте әскери қызметшілер де өздерінің ату дағдыларын көрсетті. Қатысушылар 25, 100, 300 метр қашықтыққа ату бойынша жарысты.

Жарыс командалық есепте және жеке біріншілікте сарапқа салынды. Қатысушылар Драгуновтың мергендік мылтығы мен Макаровтың тапаншасын қолданды. Сайыстың екі күндік қорытындысында қатысушылар арасында үздік командалар анықталды. Сонымен қатар, үздік нәтиже көрсеткен сарбаздар да бар. Олар – А.Қайназарова, Р.Абдрахманов, О.Аскар, А.Жақсыбаев, О.Борсай, Р.Гроскоп. Ал, командалық біріншіліктің қорытындысында I орын – «Батыс» өңірлік қолбасшылығына табысталды. II орынды «Орталық» өңірлік қолбасшылығы алса, үздік үштікті Ұлттық Ұлан академиясы түйықталды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен, және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Лияс САҒАНДЫКОВ,  
«Орталық» өңірлік қолбасшылығы  
қолбасшысының  
орынбасары

● БОКС  
Абылайхан аямады

Қазақстандық боксшы, жерлесіміз Абылайхан Жүсіпов (3-0, 2 KO) Америка Құрама Штаттары, Оклахома штатының Талса қаласында өткен бокс кешінде рингке көтерілді.

Бұл кештегі Абылайханның қарсыласы никарагуалық Уинстон Кампоска (33-11-6, 19 KO) болды. Жекпе-жек жартылай орта салмақта өтіп, сегіз раундқа есептелген болатын. Мұнда Абылайханның дайындығы мен тәжірибесі басым түсті. Қарсыласына аямай соққы жаудырып, кездесудің бесінші раундында техникалық нокаутпен жеңіске жетті.

Абылайхан Жүсіпов осылайша, кәсіби мансабында төртінші рет жеңіске жетті. Ал, Уинстон Кампос кәсіби рингте 12-ші рет жеңіліп отыр.

Әуесқой бокста Абылайхан 2017 жылғы Азия чемпионатының, Әлем чемпионатының үш мәрте (2017, 2019, 2021) күміс жүлдегері атанғанын айта кету керек.



● ХОККЕЙ  
«Сарыарқа» сан соғып қалды

Қазақстан Кубогы аясында ташкенттік «Хумо» командасы қарағандылық «Сарыарқа» құрамасымен кездесті. Тартысты өткен матчта жерлестеріміз ташкенттіктерге 0:3 есебімен жол берді.

Қорғаныс пен алаңның орта аймағындағы үйлесімді ойыны жерлестердің ойлағанындай ойын көрсетуге мүмкіндік бермеді. Ұпайдың маңыздылығын түсінген ала тақиялы ағайын ойынды бірден қолға алды.

Қайта-қайта соққы жасап, Илья Назаревич ақыры Богдан Доненконың қақпасынан саңылау тапты. Ал, «Хумоны» қақпасы Дамир Шаймардановтың жұмысын қорғаныс шебіндегі ойыншылары жеңілдетті.

Көп ұзамай Павел Сивяевский тағы да шайбасын шапшаң тоғытса, Вадим Кравченконың соққысы шешуші болды. Осылайша, 3:0 есебімен үш ұпайды жұлып алды.

«Сарыарқа» үшінші матчта қатарынан жеңіліп, плей-оффқа шығу мүмкіндігін жоғалтты. Қазақстан Кубогы аясында «Сарыарқа» үшін Рудныйдың «Горняк» командасымен өтетін соңғы ойын ештеңе шешпейді.



● ТУРНИР  
Бес алтын, бір күміс

Грузия елінің Гори қаласында өткен Әлем чемпионы Георгий Канделакидың жүлдесіне арналған Халықаралық турнирде Қарағанды облысының жастар құрама командасы лайықты өнер көрсетіп, жоғары нәтижеге қол жеткізді. Арка елінің мерейін тасытты.

Нақтырақ айтсақ, жерлес боксшылар 5 алтын, 1 күміс жеңіп алды. Жарысқа Қазақстан, Грузия, Әзербайжан, Венгрия, Түркия, Израиль һәм Арменияның үздік деген билғары қолғап шеберлері қатысып, бағын сынады.

54 келі салмақта Бекен Нұрислам, 60 келі салмақта Алексей Хаванцев, 63,5 келі салмақ дәрежесінде Райымбек Асылбеков, 67 келі салмақта Сағыныш Жұлдызханұлы және 71 келі салмақ дәрежесінде Дамир Синеев алтын медаль жеңіп алды.

Ал, Мадияр Тайпаков II орынды місе тұтып, күміс медаль еншіледі.

Дайындаған  
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Қазақстан Кинологтар одағы – FCI мүшесі

Швейцарияның Женева қаласында өткен «World Dog Show 2023» Әлем чемпионатында қазақстандық қос тазы жеңімпаз атанды.



Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақтың қос құмайы «Тұмар» мен «Вангелия» бұл сынға «танылмаған тұқымдар» тобында барған еді. Алайда, бағы мен бабы қатар келіп, екеуі бас жүлдеге ие болды. Биылғы жылдың басты кинологиялық жарысына әлемнің түпкір-түпкірінен 20 мыңға жуық ит қатысқан. Сайысқа түскен иттерді 150-ден астам халықаралық төреші бағалады.

Ежелден ер серігі атанған қос бірдей тұйғынның арқасында және арнайы ұйымның жақында өткен жалпы ассамблеясы барысында, Қазақстан Кинологтар одағы FCI-дің толыққанды мүшесі болды. Бұл белес тазы мен төбеттердің кез келген халықаралық жарыстарға қатысуына жол ашты.

Айта кетерлігі, «Тұмарға» «Тазы тұқымының үздік өкілі» атағы бұйырды. Ал, «Вангелияға» «Женевадағы Әлем кубогының үздік ардагері» атанды. Расында, «Вангелия» бұған дейін біраз жарыстарға қатысып, жүлделі орындардан бой көрсеткен еді.

Қазақстан Кинологтар одағы ұлттық тазы клубының басшысы Елена Хардина жеңіске жету жолында 2006 жылдан бері дайындалғанын айтты.

– Көрмені тамашалауға келгендердің көбі жанымызға келіп, иттеріміз туралы сұрап, фотоға түсіп жатты. Тазыларға қызығушылық өте күшті болды. Мақсатым – өте мықты тазыларды шығару. Олармен барлық халықаралық көрмелерге қатысу және жеңіске жету. Сондай-ақ, қазақтың қолтума құмай тазысын әлемнің әр жерінде көрсету, таныту, – дейді ол.

● ЖОБА

Пржевальский жылқысы қайта оралмақ

2024 жылы Қазақстанға Чехиядан Пржевальский жылқыларының алғашқы 40 басы әкелінеді. Қазақстанда жануарлар реинтродукция (жабайы табиғатқа оралу) жобасына қатысады деп жоспарлануда. Ал, оларды Қазақстанға тасымалдау Чехияның қоршаған ортаны қорғау министрлігімен бірге Прага хайуанаттар бағы көмегімен қамтамасыз етілмек.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстанға жылқыларды реинтродукциялау үшін Қостанай облысындағы «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерватының аумағы таңдалды.

Бұған дейін Пржевальский жылқылары Еуропаның орманды далаларында, жазықта және жартылай шөлдерінде, Қазақстан мен Батыс Сібірдің оңтүстік далаларында және орманды алқаптарында кең таралған. Қорғаусыз нағыз жабайы түрі соңғы рет 1969 жылы Моңғолияда тіркелген.

Қазіргі таңда әлемде XX ғасырдың басында Жонғарияда ауланған 11 жылқыдан және бір үй жылқысынан

шыққан екі мыңға жуық асыл тұқымды Пржевальский жылқысы бар. Бұл жылқылардың құлындары ұзақ уақыт бойы хайуанаттар бағында және әлемдегі қорықтарда өсіріліп келеді.

Бүгінгі таңда Пржевальский жылқыларын реинтродукциялау бағдарламалары Моңғолияда, Қытайда, Ресейдің Орынбор облысында жұмыс жасайды. 1990 жылдары эксперимент жасау мақсатында Чернобыль маңына 30-ға жуық Пржевальский жылқысы босатылған. Олар сол жерде белсенді түрде көбейе бастады.



Газеттің келесі саны 2 қыркүйек, сенбі күні шығады